Ұсынылып отырған әдістемелік құрал білім алушылардың пән бойынша білімді қаншалықты меңгергендігі жайында, жаратылыстану пәндерінің функционалды сауаттылыққа негізделе отырып құрастырылған, білім алушылар білімінің математикалық-жаратылыстану бағытына бағытталғандығын айқындайтын өлшеуіш құралы болып табылады.

Бұл оқу құралының ерекшелігі тапсырмалары 7-8 сынып білім алушыларының білімдерін тереңдетуіне оны жетілдіріп және алған білімдерін өмірде қолдана алуына негізделе отырып құрастырылған.

Бағдарлама мақсаты:

Білім алушылардың жаратылыстану ғылымдары бойынша функционалдық, ғылыми және экологиялық сауаттылығын қалыптастыру; зерттеушілік және сын тұрғысынан ойлау қабілетін дамыту арқылы нақты өмірмен байланысты проблемаларды шешуге бейімдеу.

Негізгі міндеттері:

1. Ғылыми ұғымдарды күнделікті өмірмен байланыстыру;
2. Эксперимент жасау, бақылау, болжау, дәлелдеу сияқты зерттеушілік дағдыларды дамыту
3. PISA-да қолданылатын ғылыми сауаттылық компоненттерін енгізу;
4. Ғылыми құбылысты түсіну, зерттеу сұрағына жауап беру, дәлелге негізделген қорытынды жасау

Ғаламдық экономикада көптеген білім беру жүйелері тек академиялық ықпалдастығы ғана емес, сонымен қатар адам ресурстарының еңбек жинақтылығын да мақсат етеді. Білім беру жүйесінің алдында білім сапасының бәсекелестігін арттыру, шынайы өмірлік кезеңдерге бейімдеу мәселелері тұр, өйткені адам қоғамда түрлі өмірлік мәселелерге байланысты дұрыс шешімдер қабылдау үшін жоғары кәсіптік пен интеллектуалдық әрекеттерді қажет ететін жағдайларда заман талабына сай өмір сүріп, қызмет ету.

Білім алушы балақайларға ұсынылып отырған әдістемелік құрал білім алушылардың пән бойынша білімді қаншалықты меңгергендігін тексеруге негізделген білім алушылар білімінің өлшеуіш құралы болып табылады.

Жеке тұлғаның одан әрі өз бетінше білім алуы мен дамуына қажетті негізгі құралдардың бірі *сауаттылық* болып табылатындықтан, бағдарлама түсініп оқуға бағытталып, білім алушының оқу барысында оқығанын *түсіну* қабілеті қалыптасады. Мәтіндегі ақпарат көздер оны *пайдалануға* үйретеді, білім алушы белсенділігінің басты көрсеткіші ретінде *ойлау* қабілеттері шыңдалады.

Білім алушының білімін тексерудің басты міндеті-олардың білімі мен іскерлігін бақылау және шапшаң жүріп жатқан жаһандану үрдісі әлемдік бәсекелестікті күшейте түсу үшін, мұғалім мен білім алушы арасындағы тиімді қарым-қатынас орнатуды, оқытудың нәтижелі болуын қадағалауды және оқыту процесіне дер кезінде түзетулер енгізуді көздейді. Қазіргі заман талап етіп отырғандай, байқау мен эксперименттерге негізделген тұжырымдар алу үшін ғылыми әдістер арқылы зерттеліп, жаратылыстану пәнінен жүргізілетін қарапайым құбылыстарды ғылыми тұрғыдан түсіндіру, жұмыстарының мазмұны білімнің ғылыми және қолданбалы дәрежесін арттыруға негізделеді.

Білім алушылардың метапәндік және жеке тұлғалық нәтижелерге қол жеткізуіне, олардың қабілеттері мен алған білімдерін қолдана отырып, нақты өмірдегі мәселелерді шешуге дайын болуына, цифрлық технологияларды қолдана отырып, өзекті ақпарат негізінде шешім қабылдауға баса назар аударуды қажет етеді.

Сондықтан жаратылыстану бағыты бойынша құрастырылған логикалық ойлау тапсырмалары «Жеке», «Әлеуметтік», «Жаһандық», «Денсаулық», табиғи ресурстар, қоршаған орта, қауіп көздері мен тәуекелділік, жаратылыстану және технология бағыты бойынша білім алушылардың құзіреттілігін, білімін, зерттеу дағдылары қалыптасады.

«Ғылым әлемі» элективті курсының дидактикалық материалдар жинағы. Қазіргі кездегі педагогика ғылымының басты мақсаты – баланың тұлғалық білім мен білктілігін бағдарлаудың дамуына бағытталған оқытуды ұйымдастыру.

Бағдарламаға қосымша дидактикалық материалдар жинағының мақсаты:

- Білім алушылардың айналадағы фактілерге құндылық қарым-қатынасын дамыту арқылы табиғатқа қамқорлық жасауға тәрбиелеу;
- танымдық объектіні талдай білу дағдылары арқылы зияткерлік мәдениетін дамыту;
- зерттей білу мәдениетін дамыту;
- білім алушыларды өз іс-әрекеттерін жоспарлай білуге үйрете отырып, ұйымдастырушылық мәдениетін дамыту;

➤ алынған ақпаратты өңдеу, жүйелеу әдістері арқылы ақпараттық мәдениетін дамыту;

➤ біріге жұмыс жасай отырып, өзара қарым-қатынастың коммуникативтік мәдениетін дамыту;

➤ рефлексивті мәдениетін дамыту.

Осылайша даму барысында құзыретті тұлғаның негізгі жаратылыстану ғылыми таным әдістерін қолдана алу қабілеті, сұрақ құрылымына байланысты білімдерін қолдану және жетілдіру, жаратылыстану ғылыми құбылыстарды түсіндіре отырып қорытынды жасау. Бағдарлы, нақ тапсырмалар орындау арқылы, ең негізгіні бөліп алу, білім алушының ғылыми-танымдық әдістерді (бақылау, болжам жасау, тәжірибе, зерттей алу, ғылыми жоспарлай алу т.б.аргументтер келтіреді) пайдалану біліктілігі дамиды.

Бағдарламада аспан денелері мен денелерді, паленталардың ерекшеліктері мен әлемдегі ең қатты жарылыстар, ерте кезден бері металдардың пайдаланып келе жатқандығы жайында, ерте кезден де тек 7 металл белгілі болғандығы жайында әр-түрлі минералдардың түрлері және пайдалы қазбалардың түрлері мен оларды картаға орналастыру мектеп оқулығынан тыс географиялық құнды мәліметтер суреттерімен қоса берілсе, физикада табиғаттағы түрлі құбылыстар мен денелер арасындағы әрекеттесу күштері түрлерін, табиғатын, айырмашылығын ажырату арқылы таниу көзделген. Дидактикалық материалдар жинағында танымдық, қызықты, негізгі ұғымдарды түсініп есте сақтауға жеңіл және өздігінен қызыға отырып орындайтын тапсырмалар берілген. «Ғылым әлемі» дидактикалық материалдардағы тапсырмаларды орындай отырып, дүниенің шартарабындағы табиғаттың таңғажайып туындыларымен, физикалық түрлі құбылыстармен, қозғалыстармен, күш түрлері және энергия өндіру түрлерімен танысасыз, өсімдіктердің тарихы жайында тропикалық эвкалипт, каучук ағаштары, сексеуілдің қасиеттері жайында, бидай мен күріштің өсірудегі технологияларын етене біліп, ғылыми зерттеу жолдарын басшылыққа ала отырып, қоспаның және таза заттардың органикалық және бейорганикалық заттар жайында білімдерін кеңейтіп, сол арқылы білім көкжиегін кеңейте түседі.

Бұл дидактикалық материалдар мектеп білім алушыларының білім деңгейінің және жаратылыстану пәніне деген қызығушылығының артуына ықпал етеді.

Әдіс тәсілдер: Әр бөлім бойынша бірнеше ғылыми жұмыс ізденіс тақырыптары бойынша тапсырмалар орындау. (Іздену, жобалау)

«География» пәнінің мұғалімі, педагог-шебер Жунусова Айнур Бактияровна 7-8-сынып білім алушыларына арналған «Ұлы жібек жолы» элективті курс авторлық бағдарламасы.

Бұл курс тарихи-мәдени білімді тереңдетуге бағытталған таңдау пән. Курс білім алушыларға Ұлы Жібек жолының пайда болуы, дамуы, экономикалық мәдени және саяси маңызы туралы кең әрі терең білім береді.

Мақсаты:

- Ұлы Жібек жолының тарихи рөлі мен маңызын түсіндіру;
- Қазақстан аумағындағы сауда жолдарының ерекшеліктерін танысса;

- Мәдениеттердің өз ықпалдықтарын көріп түсінсе;

- Зерттеу, салыстыру, талдау қабілеттері дамыту;

Негізгі тақырыптары;

1. Ұлы Жібек жолының пайда болуы және бағыттары. (Картамен жұмыс)

2. Жібек жолы бойындағы қалалар (Тараз, Сайрам, Түркістан, Отырар т.б)

3. Ұлы Жібек жолының бір тармағы Ұлытау (Ескерткіштер, кесенелер, карта арқылы ізденіс жұмыстары)

4. Қазақстан жері арқылы өтетін сауда жолдары (Қазіргі кездегі транзиттік жолдар)

5. Жібек жолы және діннің таралуы (Ислам)

6. Археологиялық деректер, мағлұматтар

7. Жібек жолының жаңғыру бастамалары

Әдіс тәсілдер:

1. Ұлттық құндылықтар (тарих, қазақ әдебиеті, математика)

2. Ұлытау өңірінің тарихи Ұлы Жібек карта сызбасы бойынша (PISA тапсырмалары орындалып, туризмге деген құштарлықтарын ояту, дамыту)

Тақырыптың маңыздылығы жалпы ғылыми және бағдарламалармен (ғылым, техника мен өнер және тәжірибелік сұраныстармен) байланысы

Бүгінгі таңда экономика мен сауданың дамуы, мәдениеттің дамуы сонау бір «Ұлы Жібек жолы» бағыттарының және ондағы археологиялық нысандардың, қазіргі кездегі бой көтерген қалалардың қалыптасып бой көтеруі күннен күнге жүзеге асып келеді. Педагог тарапынан барлық көне мәдени ескерткіштер мен нысандар, мұғалімнің шеберлі арқылы мектептегі білім алушы балаларға білім беріліп отырады. Білім алушының тұлға ретінде қалыптастыру қазіргі таңда ұстаздардың басты міндетіне айналғандығын ескере отырып, талаптарға сай осы тақырыпқа байланысты бағдарлама құрастырылғаны өте орынды дүние екенін айтқым келеді. Бағдарламада Ұлы Жібек жолының мәдени-тарихи көне қалалары, археологиялық нысандар, қазіргі кездегі магистраль жолдары білім алушы тапсырмаларынан және кешенді дидактикалық материалдарынан көруге болады. Оқулықтардан түрлі интернет желілері мен газет журналдардан қаралып, тәжірибеде жүзеге асыра алған.

3. Қойылатын талаптар аясындағы ғылыми нәтижелер

Ұлы Жібек жолындағы географиялық орналасуы, ғылыми тұрғыдан ашып көрсету үшін сандық және салыстырмалы, теориялық-әдістемелік ұстанымдарды, орта білім беретін мектептің үрдісі бойынша оқытылуы басшылыққа алынды. Зерттеу аясында тарихи, географиялық-салыстырмалы, статистикалық, жүйелі жинақтық, талдаулар жүргізілді. Ғылыми жұмыстарды орындаудың тарихи-теориялық деректерін талдау сынды дәстүрлі әдістеріне сүйене келе, оқу пәндеріне ортақ танымдық философиялық жүйелеу, хронологиялық зерттеу әдістерін де қолданылды.

4. Тұжырымдаған әрбір ұсыныстары мен қорытындысының, қол жеткізген ғылыми нәтижелерінің айқындылығы мен негіздеу деңгейі

Осы жұмысты орындау барысында өзіндік тұжырымы мен ұсыныстарын жасадым. Бағдарлама негіздемесі және ғылыми-зерттеу жұмысының қол

жеткізген нәтижелерін маңызды мәлімет ретінде қолданудың қажеттілігі зерттеудің нәтижесі болып табылады.

5. Тұжырымдаған әрбір ұсыныстары мен қорытындысының, қол жеткізген ғылыми нәтижелерінің жаңашылдық деңгейі

Бұл курсты орындау барысында Ұлы Жібек жолының тарихына шолу жасай отырып, Ұлы Жібек жолы бойындағы археологиялық нысандардың ғылыми-теориялық негіздерін айқындап, әр білім алушының өздерінің тұратын өңірлеріндегі тарихи-мәдени аймақтарды зерттеп бағдарламаға қосуға болады. Мысалы (Ұлытау облысының Ұлытау ауданы Ұлы Жібек жолының бір тармағы) Зерттеу нәтижесінде жұмыстың оқыту пәндерінде археологиялық нысандарды оқытудың мүмкіндіктері зерттелініп, ЖББМ оқу-тәрбие үрдісіне, құндылықты ұштастыра отырып, PISA тапсырмаларын қоса отырып қолданудың тәжірибелік негіздері жасалынды.

5. Қол жеткізген нәтижелердің ішкі бірлігінің бағасы

Жұмыс өзінің ішкі байланысының сақталуымен, өзара бірлігімен сипатталады. Зерттеу материалдары қисынды түрде, жүйелі баяндалған. Жұмыстың тараулары және оның бөлімдері өзара байланысып, бірін-бірі толықтырған. Әлемдік теориялық және әдіснамалық негіздерінің мәндерін ашуға қатысты қойылған міндеттер айқындалып, сатылы түрде шешу арқылы қойылған мақсатқа қол жеткізу бағытында нақты жұмыстар атқарылады, атап айтсақ бағдарлама соңында 10-15 шақты ғылыми жұмыс атаулары ұсынылған. Зерттеу барысында саралау, талдау және қорыту, статистикалық-салыстырмалы, жүйелік-құрылымдық, теориялық таным, Үлгідеу секілді жалпы ғылыми, географиялық зерттеу әдістері негізге алынған.

6. Негізгі пікірлер, нәтижелер, ұсыныстар мен қорытындылардың тиісті дәрежеде жариялануын растау

Жұмыстың нәтижелері мен жалпы қорытындылары мақалалар түрінде мерзімді басылымдарда жеткілікті дәрежеде жарияланған. Жұмыстың негізгі мазмұны төмендегідей ғылыми мақалаларда көрініс тапқан: «Қазақ ойконимдері», «Ұлы Жібек жолы-Қытай мен Еуропа елдерінің арасын байланыстырған сауда жолы», «нефрит жолы», «Лазурит жолы» деген кейбір географиялық атаулардың мазмұны

7. Мазмұны мен рәсімделуіндегі кемшіліктер

Бағдарлама мазмұны мен оны рәсімдеуі бойынша кемшіліктер кездеседі. Еліміздің Ұлы Жібек жолы бойындағы өркениетті, мәдени-тарихи археологиялық нысандар бойынша білім алушыға қатысты мәліметтер әлі де терең зерттеуді қажет ететіндігі. Дегенмен айтылған кемшіліктер, бағдарлама құндылығына әсерін тигізбейді. Жұмыс белгіленген техникалық талаптарға сай, зерттеу жұмысының нәтижелерін айқын көрсететіндей етіп безендірілген.

8. Қойылатын талаптарға сәйкестілігі

«Ұлы Жібек жолының бойындағы археологиялық нысандардың географиялық орналасуы және оны оқыту мәселесі, Ұлы Жібек жолының тармақтарының бірі Улытау және тек Улытау өңірі атап айтсақ-Бас қамыр, Аяқ қамыр, Алашахан, Жошыхан, Бұланты шайқасы, Таңбалы тас, Хан ордасы,

Ақсақ Темір жаздырған тастар т.т.» тақырыптарды қарастыра келе, жаңа ғылыми негізделген нәтижелерге қол жеткізесіздер.

Ізденіс

Әр тақырып сайын құндылыққа негізделген ғылыми жұмыс атауларына ие нәтижесінде білім алушылар ізденіп, зерттейді.

«Жетісу облысының білім басқармасының Ескелді ауданы бойынша білім бөлімі» ММ «Балнық би атындағы орта мектебі» КММ География пәнінің мұғалімі, педагог-зерттеуші Мушанова Нурахан Туралбаевна

Географияны оқыту процесінде білім алушылардың жобалық іс-әрекетін ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар

Географияның барлық салалары адамзаттың қажеттіліктерінен пайда болды. Оның зерттеулері әр уақытта барлық адамзат қоғамын қамтитын проблемаларды шешуге, түрлі нысандар мен құбылыстардың пайда болуын зерттеуге бағытталған. Географиялық зерттеулер адамдардың өмірі мен шаруашылық іс-әрекетінің географиялық ерекшеліктерін, оның табиғатқа әсері мен салдарын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Сондықтан, пәнді терең түсіну үшін білім алушыларға табиғатты, оның құбылыстарын, адамзат тіршілігін зерттеп білу маңызды. Ғылыми-зерттеу жұмыстарында білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуда:

1. Тақырыпты мазмұнына қарай жинақтау;
2. Арнаулы бір тақырыпта пікірталас тудыру;
3. Мәтінді бөліктерге бөлу, ат қою, өз бетінше аяқтау;
4. Қиялдау арқылы сурет салу;

Әртүрлі тақырыпта пікірталас, сайыс өткізіп, алған әсерлерін шығарма түрінде жазып жеткізу сияқты әдіс-тәсілдер жиі қолданылады.


Білім алушының дүниетанымын кеңейту, зерттеушілік қызметке баулу, ізденушілік дағдыларын жетілдіруде сыныптан тыс жұмыстарды жүргізудің маңызы өте зор. Білім алушының қай пәнге деген қызығушылығын анықтап, олимпиадаға дайындау, конференция, КТК, дебат, дәстүрлі емес сабақ түрлерін белсенді әдіс-тәсілдер арқылы сыныптан тыс жүргізген жөн. Осындай жұмыстар барысында білім алушының шығармашылық қабілеті шыңдала түседі.

Ғылыми жобаны жазуда ең алдымен нақты мақсат пен талаптар қоя білу. Ол талаптар мен мақсаттар байқауды ұйымдастырушылардың ақпараттық хатында, байқау ережелерінде көрсетіліп, сол ереже мен талаптарды нақты орындау маңызды. Осы орайда төмендегідей міндеттер туындайды. Ең алдымен сіз жобаны қандай тақырыпта қорғағалы отырсыз, ең бірінші тақырыпты айқындауымыз қажет, одан кейінгі кезек тақырып анықталған соң, қысқа әрі нұсқа өзіңіздің тақырыбыңызды ашатындай жоспар құру. Зерттеу жұмысының жоспарға сай жазылуын есте сақтау керек.

Тақырып-ол жобаның басты өзегі болып табылады және оның бағытын айқындайды. Тақырып үнемі қолданылып жүрген, қайталама емес, жаңашыл, көкейтесті мәселені шешетіндей болғаны жөн. Яғни, тақырыпты таңдау да шеберлікті қажет етеді. Осы орайда білім алушының барлық жұмысы зерттеу күнделігінде толтырылып отырады. Зерттеу тақырыбы бойынша қандай

еңбектер, монографиялық зерттеулер, библиографиялық дереккөздер және ғаламтор желісінен алынған ақпараттар толығымен зерделену қажет. Және де, осы ғылыми жобаға байланысты қосалқы тағы да бір маңызды құжаттар- ол аннотация, пікірлер. Ескеретін нәрсе жобаны жазу барысында, жазып болғаннан кейін де оның техникалық рәсімделуі ережеге сай болуы. Зерттеушінің қызығушылығын оятуда жетекшінің үлесі өте зор, себебі жоба қорғаушының тақырыпты ашуға деген талпынысы ең маңызды рөл атқарады. Жетекші ғылыми жоба тақырыбын жете түсініп, өзінің де жеткілікті дайындығы болуы, сонымен қатар, білім алушының жұмыс барысын қадағалап, керек кезде көмектесіп, ұсыныс жасап отыруы қажет.

Ғылыми жобаның мазмұны:



***Кіріспе Негізгі Қорытынды Пайдаланылған әдебиеттер
бөлім***

Кіріспе бөлімі:

Кіріспе бөлімінде тақырыптың өзектілігі, зерттелу деңгейі, зерттеудің мақсаты мен міндеттері, ғылыми жаңалығы, қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар мен жобаның құрылымы жөнінде мәліметтер беріледі.

Географияда далалық зерттеулер әдісі барысында мамандармен және өндіріс басшыларымен кездесулер, сұхбаттар өткізіледі. Олар шаруашылықтың және халықтың аумақтық шоғырлану құбылыстарын, кез-келген үдерістің туу себебі мен туындайтын салдарын, көптеген ерекшеліктерін неғұрлым тереңірек түсінуге, оның қыр-сырларын зерттеуге ынталандырады. **Бұл - жобалық іс-әрекетті ұйымдастырудың алғашқы қадамы.** Осылай білім алушылармен бірнеше табиғат нысандарына экскурсия жүргізіледі. (Мысалы, тұрмыстық қалдықтар полигонына, Текелідегі Будда бейнеленген таңбалы тасқа, Бұрхан бұлаққа (білім алушылармен ұйымдастырылған экскурсия)). Ол білім алушылардың қызығушылығын оятып, терең ойға жетелеп, біліп-түсіну мақсатын туғызады. Экскурсия барысында жетекшіге, бір-біріне әртүрлі сұрақтар қою арқылы өз зерттеу тақырыптарын анықтайды.



Мысалы:

Будда бейнеленген тасқа барғанда білім алушыларда көптеген сұрақтар туындады, яғни «Бұл тас қалай біздің елімізге келді? Бұл бейнені салған кім? Біздің елімізде буддизм жоқ қой? дегендей. Осындай сұрақтар арқылы білім алушының зерттеп білуге деген қызығушылығын арттырып, тақырыпты анықтау, зерттеу мақсатын қоюда да жол сілтейді. Білім алушылар қызығушылықтары бойынша бірнеше топтарға бөлінеді. Әр білім алушы өз тақырыбын, өз идеясын ұсынады, тақырып мазмұнын ашады, бір-бірімен пікірталасқа түседі, ішінен «Өзекті тақырып» таңдалып алынады. Тақырып өзекті болуымен қатар бірегей және мазмұны қызықты болуы тиіс.

Мысалы: Тұрмыстық қалдықтар полигонына экскурсия барысында:

- Қоқыс қайдан пайда болады? Оны қалай азайтуға болады? Ол қоршаған табиғатқа қалай әсер етеді? Ол осылай шашылып жатса түбінде не болады? - деген сұрақтар туындады.

Туындаған сұрақтар нәтижесінде «Тұрмыстық және өндірістік қалдықтарды қайта өңдеу» тақырыбы пайда болды. Тақырып қалдықтарды шашып көбейтпей, оларды қайта өңдегенде ғана олардан жер бетін тазартуға болатынын *көрсетеді*.



Тақырыпты таңдауды негіздеу, тақырыптың өзектілігі.

(зерттеу бағыты несімен қызықты, оның маңыздылығы неде, бұл тақырыптың қандай мәселелеріне көңіл бөлінбеген, тақырыптың тандалуының басты себептері) Өзекті тақырып тандалып алынған соң зерттеу жоспары жасалынады.

Зерттеу гипотезасы: (зерттеу жұмысының мүмкін нәтижелері туралы ғылыми негізделген көзқарас).

Тұрмыстық және өндірістік қалдықтар қаланың экологиясын бұзады, денсаулыққа зиян келтіреді деген болжам бар.

Мәселеге теориялық шолу: Әр түрлі қалдықтардың ұйымдастырылмаған үйінділері - бұл тікелей экологиялық қауіп, ауаны, топырақты ластап, жұқпалы ауру таратудың эпицентрі. Инфекция және улы заттар айтарлықтай қашықтыққа таралуы мүмкін.

Түрлі білім көздері (интернет, әдебиеттер, теледидар бағдарламалары) арқылы зерттеу мәселесіне теориялық талдау жүргіземіз. Жүргізілген талдау нәтижесі бойынша жұмыс мақсаты анықталады. Мақсатқа жету жолдары, яғни зерттеу міндеттері білім алушылардың жеке идеялары, ұсыныстары бойынша құрылады. Әр топ тақырып мақсатын анықтайды. Мақсат түпкі нәтижені көрсете алуы түсіндіріледі.

Жұмыстың мақсаты: (зерттеу тақырыбының атауын нақтылайды)

Зерттеудің міндеттері: (зерттеу барысындағы жұмыс қадамдарын нақтылайды)

Зерттеуді жүргізу әдістері: (нәтиже алуға байланысты барлық іс-әрекеттің жан-жақты сипаттамасы)

- теориялық, библиографиялық, математикалық, АКТ, экспедиция, т.б.

Негізгі бөлім:

I, II, III немесе бірнеше бөлімнен (әрқайсысы тараудан тұрады).

Ғылыми жобада негізгі бөлімде жоспарға сай тақырып толық, тиянақты түрде деректерге сілтеме жасай отырып ашылуы керек. Мысал арқылы толықтырылып отырғаны дұрыс. Ғылыми деректерге міндетті түрде сілтеме жасалу керек. Сілтемеде қандай әдебиет, нешінші бет тік жақшаға алынады. Әр бөлім мен тараулар арасында байланыс болу керек, әр тарауда әртүрлі нәрсе айтылмау қажет. Негізгі бөлім-зерттеу тақырыбын ашатын, оның жан-жақты зерттелуі жайлы тиянақты, нақты деректер берілетін, дәлелдемелер ұсынылатын, бір сөзбен айтқанда мәселе толығымен шешілетін бөлім. Ол график, кесте және басқа да материалдарды қамтуы мүмкін.

Тақырыптар қалай жазылады?

Әр бөлім, тараулар бас әріппен, қою бояумен жазылады. Келесі бөлім жаңа парақтан басталады, ал тарауларды жаңа парақтан бастаудың қажеті жоқ. Бір бөлімде екі тарау болса, олар жаңа парақтан басталмайды. Екі аралық бос жол (пробел) тасталып жазылады.

Зерттеу нәтижелері: (бақылау немесе эксперимент кезінде зерттеушінің алған жаңа ақпаратының қысқаша сипаттамасы. Нәтижелерді баяндау барысында жаңа фактілерге нақты және қысқаша түсіндірме беру қажет).

Қорытынды бөлім: бұл бөлімде зерттеуші негізгі бөлімде айтылған деректерді қысқаша тұжырымдап, жинақтап, негізгі идеяны көрсетеді. Ол

зерттеу барысында алынған негізгі нәтижелер мен анықталған үдерістерді қысқаша сипаттайтын конспект түріндегі ой тұжырымдар. Шешімдерді нөмірлеген дұрыс, әдетте олардың саны 4 немесе 5-тен аспайды.

Әдебиеттер мен пайдаланылған ресурстар: пайдаланылу ретіне қарай тізімдеп көрсетіледі. Әдебиеттер алдымен авторы, атауы, қандай баспадан шықты, қай қалада, шыққан жылы және неше беттен тұратыны көрсетілу керек. Әдебиеттің соңғы 5 жылда көлемінде шыққанын басты назарда ұстаған жөн.

Аннотация- ғылыми мақаланың мақсаты, мазмұны, түрі, формасы, тұрғысынан қысқаша сипаттамасы. Ғылыми мақаланың негізгі мазмұнына, нақты тақырыпқа сәйкестігін анықтауға, мақаланың толық мәтініне анықтама береді. Аннотация негізгі тақырыптың сипаттамасын, ғылыми мақаланың проблемаларын, жұмыстың мақсатын және оның нәтижелерін қамтуы тиіс. Аннотацияда осы мақалада қандай жаңашылықтар болатыны көрсетіледі. Үш тілде жазылады: қазақ, орыс, ағылшын. Аннотацияның ұсынылатын орташа көлемі 500 баспа белгісі.

Пікір мен рецензия: пікірді зерттеушінің жетекшісі немесе пән мұғалімі жазады. Пікірде зерттеу жұмысының сипаты, маңыздылығына баға беріледі және әр бөлімге талдау жасап отырады. Онда жетекшінің толық аты-жөні жазылып, мектептің мөрі басылады. Ал рецензияны кеңесші ретінде жоғарғы оқу орнының оқытушысы жазады. Оның да толық аты-жөні, дәрежесі жазылып, оқу орнының мөрі басылады.

Білім алушы күнделігінде осы тақырыпты таңдауына себеп болған қандай жағдай, қандай ғалымдардың еңбектерін зерттеді, жоба қалай жазылды, қалай рәсімделді, толық жазып біткен күнге дейін барлығы түгел жазылу керек. Күнделіктің мұқаба бетінде білім алушының аты-жөні, мектебі, сыныбы, ғылыми жоба тақырыбы; ғылыми жетекшінің аты-жөні, дәрежесі жазылады.

Жобаны ұсыну формасы:

Тұсаукесер (презентация)- жиналған көпшілікті зерттеу нәтижесімен таныстыруға бағытталған іс-шара. Деректерді ұсыну формасы ретінде бір ортаға ұйымдастырылған мәтін, гипермәтіндік сілтемелер, компьютерлік анимациялар, графиктер, бейнематериалдар, дыбыстық қатардың үйлесімділігі ескеріледі.

Microsoft Office Power Point-тұсаукесер жасау бойынша ерекше танымал бағдарлама. Тұсаукесер слайдтардан тұрады. Бір слайд бір ойды көрсетуі тиіс. Слайдта отыздан аспайтын сөз және тізімнің бес тармағын қолданған дұрыс. Мақсатты тақырыптары нақты және мазмұнына сәйкес болуы тиіс. Шрифтін ұсынбалы көлемі-18 тармақтан кем емес.

7 фокус тобында I, II, III циклдің сабақ кестесі құрылып, зерттеу сабағы өтілді.

Жұмысты бастамас бұрын талқылауға жоспарланған мәселелер жазылып отырылды, сабақ жоспары бірлесіп отырып жасалынды, кеңейтілген сұрақтар жазылды. Мектеп психологтары жоғарыда аталған зерттеу сыныптарының ата-аналарымен түсіндіру жұмыстарын ұйымдастырып, олардың жазбаша келісімін алды. Ата-аналармен кері байланыс орнату арқылы зерттеу үдерісінің ашықтығы

қамтамасыз етілді. Психологтармен бірлесе отырып, білім алушылар арасында зерттеу жүргізіліп, арнайы сауалнама алынды.

Зерттеу сабағына дейін білім алушылардан сауалнама алынды. Сауалнамаға жетекші және серіктес мектептерінің білім алушылары қатысты. Жалпы сауалнамаға қатысқан білім алушылар саны – 437.

Сауалнама нәтижесінде білім алушылардың көпшілігі мәтінмен терең жұмыс істеу, ақпаратты саралау, талдау және өз ойларын дәлелдеп жеткізу дағдыларында қиындықтарға тап болатынын көрсетті. Сонымен қатар, олар функционалдық сауаттылықты дамытуға бағытталған тапсырмаларды орындау барысында заманауи әдістерге бейімделуде қосымша қолдауды қажет ететіні анықталды.

Зерттеуге қатысушы мұғалімдерге де сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға қатысқан мұғалімдердің саны - 40.

Сауалнама нәтижесі мұғалімдердің көпшілігі функционалдық сауаттылықты дамытуға арналған цифрлық платформаларды жиі қолданбайтынын және оларды сабақпен үйлестіріп қолдануда қиындықтарға тап болатынын көрсетті. Сонымен қатар, заманауи әдіс-тәсілдерді (жобалық жұмыс, кейс, пікірталас т.б.) жүйелі түрде қолдану дағдысы барлық мұғалімде бірдей қалыптаспаған.

Зерттеу жұмысы 11 қарашада басталып, алғашқы сабақтар өткізілді. Бұл сабақтарда функционалдық сауаттылықты дамытуға бағытталған тиімді әдіс-тәсілдер, тапсырмалар мен кері байланыс түрлері сарапқа салынды. Атап айтқанда, зерттеу «Функционалдық сауаттылыққа негізделген тапсырмалар арқылы білім алушылардың ақпаратты талдау дағдыларын қалай арттыруға болады?» деген тақырып аясында жүргізілді. Сабақтардың тиімділігі сыртқы сарапшылар, мектеп тренерлері және мектеп әкімшілігі тарапынан бағаланып, назарға алынды.

Нәтижесінде зерттеу сабақтарының үш циклі жоспарланып, негізгі кезең басталды. Зерттеу үш ай бойы 23 сыныпта жүргізілді. Әр сабаққа сарапшылар мен тренерлер тұрақты қатысып, жұмыс сапасын бақылап отырды. Әр цикл өзара байланысты жүргізіліп, сабақ соңында «Неліктен солай болды?» деген сұраққа дәлелдер негізінде жауаптар берілді. Сонымен қатар, сауалнама нәтижелері сараланып, білім алушылардың ойлау дағдылары мен ақпаратты талдау қабілеттерінің динамикасы зерттелді.

Сабақтар бірлесе жоспарланып, әр сабақты талдау арқылы жетілдіру жұмыстары жүйелі жүргізілді. Әсіресе, функционалдық сауаттылыққа негізделген тапсырмалар арқылы білім алушылардың мәтіндегі ақпаратты сараптау, салыстыру, қорытындылау қабілеттерін арттыруға ерекше мән берілді. Бұл әдіс үлгерімі төмен білім алушылардың да пәнге деген қызығушылығын арттырып, олардың жеке мүмкіндіктерін ашуға мүмкіндік берді.

Зерттеу барысында мұғалімдер мен әріптестер тығыз ынтымақта жұмыс істеп, сабақ жоспарларын құрудан бастап, оны талқылауға дейінгі барлық үдерістерде бірлесіп әрекет етті. Әр сабақ соңында А, В, С санатындағы білім алушылардан алынған сұхбат нәтижелері арқылы сабақтың ұтымды және

жетілдіруді қажет ететін тұстары «білім алушы үнімен» анықталды. Бұл мәліметтер келесі сабақтарда жетілдіру бағытын нақтылауға негіз болды.

Жалпы, сабақты зерттеу үдерісі білім алушылар мен мұғалімдердің үздіксіз білім алуына, оқыту сапасының артуына, жаңа әдістерді енгізуге және функционалдық сауаттылыққа басымдық беруге ықпал етті. Мұғалімдердің зерттеушілік дағдылары дамып, бағалау тәсілдерін тиімді қолдану дағдылары қалыптасты. Сабақты зерттеу барысында білім алушылар өз қателіктерін байқап, оларды түзету арқылы білім сапасын жетілдірді. Сонымен қатар, мұғалімдер де өз тәжірибесін саралап, функционалдық сауаттылықты дамыту бағытында оқыту стратегияларын жетілдірді.

Тараз қаласы мұғалімдерінің зерттеу сабақтары мысалында олардың жобалық жұмыстар жүргізу дәрежесін анықтай алды.

Қазіргі білім беру үдерісінде білім алушылардың зерттеу дағдыларын дамытуға және оларды практикалық іс-әрекетке бағыттауға баса назар аударылады. Бұл мақсаттарға жету үшін зерттеу сабақтары мен жобалық іс-әрекет тиімді құралдар болып табылады. Екі әдіс те білім алушылардың белсенділігін арттырады, шығармашылық қабілеттерін дамытады және өз бетінше білім алуға ынталандырады.

Зерттеу сабақтары мен жобалық іс-әрекет арасында тығыз байланыс бар. Зерттеу сабақтары жобалық іс-әрекеттің теориялық негізін қалыптастырады, ал жобалық іс-әрекет зерттеу сабақтарында алынған білімді практикада қолдануға мүмкіндік береді.

1. Зерттеу сабақтарының мәні және мақсаттары

Зерттеу сабақтары – бұл білім алушылардың өз бетінше білім алуына, зерттеу дағдыларын дамытуына және ғылыми әдістерді қолдануына бағытталған оқыту формасы. Зерттеу сабақтарының негізгі мақсаттары:

- Білім алушылардың қызығушылығын ояту және танымдық белсенділігін арттыру.

- Зерттеу сұрақтарын тұжырымдау және гипотезаларды ұсыну дағдыларын дамыту.

- Ақпарат жинау, талдау және қорытындылау дағдыларын қалыптастыру.

- Ғылыми әдістерді (бақылау, эксперимент, сауалнама және т.б.) қолдану дағдыларын дамыту.

- Зерттеу нәтижелерін ұсыну және қорғау дағдыларын қалыптастыру.

- Сыни ойлау және проблемаларды шешу дағдыларын дамыту.

Зерттеу сабақтары әртүрлі формада өткізілуі мүмкін:

- Дәріс-зерттеу – мұғалім зерттеу мәселесін ұсынады және білім алушылармен бірге оны шешу жолдарын іздейді.

- Семинар-зерттеу – білім алушылар өздерінің зерттеу жұмыстарының нәтижелерін ұсынады және талқылайды.

- Практикалық-зерттеу жұмысы – білім алушылар ғылыми әдістерді қолдана отырып, тәжірибелер жүргізеді және деректер жинайды.

- Экскурсия-зерттеу – білім алушылар табиғатқа немесе өндіріске шығып, зерттеу объектілерін бақылайды және деректер жинайды.

2. Жобалық іс-әрекеттің мәні және мақсаттары

Жобалық іс-әрекет – бұл білім алушылардың белгілі бір мақсатқа жету үшін жоспарлы түрде орындайтын іс-әрекеті. Жобалық іс-әрекеттің негізгі мақсаттары:

- Білім алушылардың өз бетінше шешім қабылдау және жауапкершілікті сезіну дағдыларын дамыту.
 - Жоспарлау, ұйымдастыру және бақылау дағдыларын қалыптастыру.
 - Командада жұмыс істеу және коммуникативтік қабілеттерін дамыту.
 - Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) пайдалану дағдыларын жетілдіру.
 - Шығармашылық қабілеттерін дамыту және инновациялық идеяларды ұсыну.
 - Алынған білімді практикада қолдану және нақты нәтижеге қол жеткізу.
- Жобалық іс-әрекет әртүрлі түрде болуы мүмкін:
- Зерттеу жобасы – ғылыми мәселені шешуге бағытталған.
 - Практикалық жоба – нақты өнім жасауға бағытталған.
 - Шығармашылық жоба – өнер туындысын жасауға бағытталған.
 - Әлеуметтік жоба – қоғамға пайда әкелуге бағытталған.

3. Зерттеу сабақтары мен жобалық іс-әрекеттің өзара байланысы

Зерттеу сабақтары мен жобалық іс-әрекет бір-бірін толықтырады және күшейтеді. Зерттеу сабақтарында білім алушылар теориялық білім алады, зерттеу дағдыларын дамытады және проблемаларды анықтайды. Ал жобалық іс-әрекетте білім алушылар осы білімдерін практикада қолданады, нақты мақсатқа жету үшін жоспар құрады және өз бетінше шешім қабылдайды.

Зерттеу сабақтары жобалық іс-әрекет үшін негіз болып табылады. Мысалы, білім алушылар зерттеу сабағында қоршаған ортаның ластану мәселесін зерттеуі мүмкін. Ал жобалық іс-әрекетте олар осы мәселені шешу үшін нақты жобаны (экологиялық акция, тазалық шарасы, ақпараттық науқан және т.б.) жүзеге асырады.

Сонымен қатар, жобалық іс-әрекет зерттеу сабақтарының тиімділігін арттырады. Білім алушылар жобаны жүзеге асыру барысында жаңа білімдер алады, зерттеу дағдыларын жетілдіреді және өздерінің мүмкіндіктерін ашады.

Зерттеу сабақтары мен жобалық іс-әрекет білім алушылардың білім алуында маңызды рөл атқарады. Зерттеу сабақтары теориялық білім берсе, жобалық іс-әрекет оны практикада қолдануға мүмкіндік береді. Екі әдістің өзара байланысы білім алушылардың белсенділігін арттырады, шығармашылық қабілеттерін дамытады және өз бетінше білім алуға ынталандырады.

Мұғалімдер зерттеу сабақтары мен жобалық іс-әрекетті біріктіре отырып, білім алушылардың жан-жақты дамуына және олардың қоғамға пайдалы азамат болуына ықпал ете алады.


«Lesson Study» зерттеу сабақтарының нәтижесінде білім алушыларда:

- оқу үлгерімі жақсарды;
- білімдерін тереңдетіп, қызығушылықтарын арттырды;
- топтық, жұптық, жеке жұмыстар барысында пікір алмасып, зерттеу әрекеттерін дамытты;
- пікір алмасуда сыни тұрғыдан ойлау дағдылары қалыптасты;

- өз ойларын еркін айтып, зерттеу жүргізіп тұлғалық қасиеті дамыды.

Зерттеу сабағы алдындағы сауалнама нәтижесі білім алушылардың көпшілігі ақпаратты күнделікті өмірде тиімді пайдалана алмайтынын және оларды дұрыс түсініп, қорытынды жасай алмайтынын, өмірде қолдануда қиындықтарға тап болатынын көрсетті.


Зерттеу сабағының соңындағы білім алушылардан алынған сауалнама нәтижесінде білім алушылардың басым бөлігі өздерінің функционалдық сауаттылық деңгейіне сенімді болғанын көрсетті. Әсіресе, ойды нақты жеткізу, мәтіннен басты ойды табу және ақпаратты талдау бағыттарында көрсеткіштері көтерілді.



«Lesson Study» зерттеу сабақтарының нәтижесінде мұғалімдерде:

- мұғалімдердің кәсіби шеберлігі артты;
- әріптестік ынтымақтастық дамыды;
- сабақтан кейінгі талқылау мұғалімдерге өзінің әдіс-тәсілдерін сын көзбен қарап, жақсарту жолдарын көруге мүмкіндік берді.

Сауалнама нәтижесі мұғалімдердің көпшілігі функционалдық сауаттылықты дамытуға арналған цифрлық платформаларды сабақта тиімді үйлестіріп, қолдануға дағдыланды. Сонымен қатар, заманауи әдіс-тәсілдерді (жобалық жұмыс, кейс, пікірталас т.б.) жүйелі түрде қолдану дағдысы барлық мұғалімде бірдей қалыптасты.



Зерттеу сабағы бойынша мұғалімдерден алынған сауалнаманың салыстырмалы көрсеткіштері

Зерттеу жұмысының қорытынды сабағы облыстық семинар аясында тәжірибе алмасу мақсатында ашық сабақ түрінде өткізілді. Семинар шығармашылық пен ынтымақтастық атмосферасында өтіп, онлайн және офлайн форматта қатысқан қонақтармен тиімді пікір алмасу жүргізілді. Қатысушылар жүргізілген зерттеу жұмысына оң бағаларын беріп, мұндай мазмұнды әрі тәжірибеге бағытталған семинарлардың жиі өткізілуі керектігін атап өтті.

Аталған зерттеу жұмысының нәтижелері осы семинар барысында педагогикалық қауымдастықпен жан-жақты талқыланды. Семинарда оқыту үдерісіне енгізілген тиімді әдіс-тәсілдердің, атап айтқанда функционалдық сауаттылықты дамытуға бағытталған тапсырмалардың практикалық маңызы жоғары екені анықталды. Білім алушылардың ақпаратты талдау, ой қорыту және пікір білдіру қабілеттерінің артуы – осы зерттеудің басты жетістігі ретінде танылды.

Қорытындылай келе, жүргізілген зерттеу жұмыстары мен функционалдық сауаттылыққа негізделген тапсырмалар нәтижесінде біз білім алушылардың білімін жаңа тәсілдер арқылы кеңейтіп, оқу үдерісіне белсенді қатысуын қамтамасыз еттік. Зерттеу циклі соңында қойылған мақсаттарға толықтай қол жеткіздік, қалыс қалған білім алушылар болған жоқ.

Білім алушылардың ауызша сөйлеу дағдылары дамып, ойларын еркін жеткізуге, өзін-өзі, жұптық және топтық бағалауды үйренді. Бұл олардың оқуға деген қызығушылықтарын арттырып, сын тұрғысынан ойлау қабілеттерін шыңдауға мүмкіндік берді. Сонымен қатар, функционалдық сауаттылыққа бағытталған тапсырмалар білім алушылардың мәтінді түсіну, ақпаратты талдау, салыстыру, бағалау және өз көзқарасын дәлелді түрде жеткізу қабілеттерін дамытты.

М.С Божымбаева, директордың ғылыми-әдістемелік ісі жөніндегі орынбасары, ПШО тренері, магистр педагогика и психологии

Географияның мектеп пәні ретіндегі ерекшелігі және оның жобалық оқытудағы әлеуеті

Мектептегі оқу іс-әрекетінің уәждемесі мен тиімділігін арттырудың бір жолы-білім алушыларды жобалық қызметке қосу. Білім алушылардың осы іс-әрекеттерінің мақсаттары мен міндеттері олардың жеке мотивтерімен де, әлеуметтік себептерімен де анықталады. Бұл мұндай іс-шаралар жасөспірімдердің белгілі бір пәндердің пәндік саласындағы мотивациясын арттыруға ғана емес, олардың қабілеттерін дамытуға ғана емес, сонымен қатар басқалар үшін маңызды белгілі бір өнімді жасауға бағытталуы керек екенін көрсетеді

С.Н. Бацунов зерттеу жұмысы негізінде оқытудың дәстүрлі әдістері (дәрістер, семинарлар) дағдыларды дамытуда тиімділігі төмендігін, ал оқытудың белсенді және инновациялық әдістерінің (кейстер, имитация және жобалар) «икемді» дағдылардың тиімді дамытындығын анықтайды. Әсіресе, тіл сабақтарында, оның ішінде шет тілі сабағында тапсырмалардың диалогтық формаларын қосу; кәсіби және жай ғана табысты адамдардың өмірінен үлгілік бейнематериалдарды пайдалану; мансапқа байланысты лексиканы, тайм-менеджмент, тұлғалық өсу туралы қызықты ақпаратты қамтитын мәтіндерді қосу; кәсіби коммуникация дағдыларын модельдеу: баяндамамен сөз сөйлеу, мақалалар жазу және т.б [12].

Жобалық қызмет балалардың қабілеттері талап етілетіндей, белгілі бір қызмет түріне жеке тәуелділіктер жүзеге асырылатындай етіп құрылуы керек. Бұл жағдайда білім алушылар кәсіптік бағдар беруге алғашқы қадамдар жасайды.

Ал "жобалық оқыту", "жобалар әдісі", "оқу Жобалық қызметі" деген не? Жобалық оқытуды дидактикалық жүйе ретінде қарастыруға болады, ал жоба әдісін жүйенің құрамдас бөлігі ретінде, білімді интеграциялауды ғана емес, сонымен қатар жаңартылған білімді қолдануды, жаңаларын алуды қамтамасыз ететін педагогикалық технология ретінде қарастыруға болады. Оқыту мәселелерін кешенді шешу үшін әртүрлі әдістер қолданылады, соның ішінде шығармашылық жобаларды орындау, оның мақсаты білім алушыларды идеяны әзірлеуден бастап оны жүзеге асыруға дейінгі трансформациялық қызмет процесіне қосу болып табылады [13]. Жобалар жеке немесе топтарда орындалуы мүмкін. Топтық жобаларда жеке бөлімдер жеке орындалады. Бірақ жеке орындалатын жобаларда топтық жұмыстың элементтері бар, мысалы, миға шабуыл жасау немесе бір-бірінің бастапқы идеяларын өзара бағалау. Әр жобаға топтық жұмысты қосу ынтымақтастық дағдылары мен ұжымдық жауапкершілік сезімін дамытуға көмектеседі. Бұл жағдайда балаларға жеке көзқарасты қамтамасыз ету қажет, олардың мүмкіндіктерінің деңгейіне сәйкес тапсырмалар беріп, жұмыс мазмұнын біртіндеп қиындатады. Топтық жұмыс кезінде білім алушылар материалды оны зерттеудің, талқылаудың және жалпыланған, ұжымдық шешім шығарумен өзара оқытудың бірлескен инновациялық түрінде игереді. Топтағы білім алушылар көшбасшының, қызметкердің, Орындаушының ұйымдастырушылық іс-әрекетінің элементтерін игеріп, практикалық іс-әрекеттің әлеуметтік тәжірибесін алады

Кешенділігі бойынша жобалар моножоба және пәнаралық болуы мүмкін. Моножобалар бір оқу пәні немесе бір білім саласы шеңберінде іске асырылады. Пәнаралық-сабақтан тыс уақытта әртүрлі білім салаларындағы мамандардың басшылығымен орындалады. Байланыс сипаты бойынша жобалар — сыныпта, мектепішілік, аймақтық және халықаралық. Соңғы екеуі, әдетте, Интернет мүмкіндіктері мен заманауи компьютерлік технологиялар құралдарын қолдана отырып, телекоммуникациялық жобалар ретінде жүзеге асырылады.

Ең алдымен, мұғалім білім алушыларды жобалық қызметке ерікті және мүдделі түрде қосуды қамтамасыз ететін "жобаны іске қосу" туралы ойлануы керек. Бұл проблемалық жағдай туғызу, балалар үшін өмірлік маңызы бар практикалық міндетті талқылау, тартымды перспектива туралы әңгімелеу, беделді тұлғалардың әлеуметтік маңызды міндеттерді шешуге қатысу туралы өтініші және т. б. болуы мүмкін. География жаратылыстану, әлеуметтік және экономикалық ғылымдардың элементтерін біріктіреді. Мысалы:

- * Физикалық география климат, гидрология, геоморфология және экология сияқты табиғи процестерді зерттейді.

- * Экономикалық география өндірістік күштердің орналасуын, көлік жүйелерін және халықаралық байланыстарды талдайды.

- * Әлеуметтік география мәдени ерекшеліктерді, демографияны және урбанизацияны зерттейді.

Бұл пәнаралық Географияны биология, тарих, экономика сияқты басқа пәндермен біріктіруге мүмкіндік береді, бұл жобалық оқытудың кең мүмкіндіктерін жасайды.

География білім алушылардың күнделікті өмірімен тығыз байланысты. Карталар, статистика, Табиғи және әлеуметтік процестерді талдау-мұның бәрі практикалық маңызы бар. Мысалы:

- * Жергілікті экологиялық мәселелерді зерттеу (судың, ауаның ластануы, ормандардың жойылуы) білім алушыларды оларды шешуге бағытталған жобаларға тартуға мүмкіндік береді.

- * Туған аймақтың ерекшеліктерін зерттеу білім алушылардың қоршаған ортаға деген жауапкершілік сезімін қалыптастыруға ықпал етеді.

- * Геоақпараттық технологияларды (ГАЖ) пайдалану білім алушыларға деректерді зерттеуге және оларды нақты жағдайларды талдау үшін қолдануға мүмкіндік береді.

География экологиялық сананың, патриотизмнің және жаһандық дүниетанымның қалыптасуына ықпал етеді. Басқа елдерді, мәдениеттерді немесе жаһандық мәселелерді (мысалы, климаттың өзгеруі) зерттеуге қатысты жобалармен жұмыс істеу білім алушылардың төзімділігін, әлемнің алуан түрлілігін құрметтеуді және табиғат пен қоғам арасындағы байланысты түсінуді дамытады. Жобалық оқыту-бұл білім алушылар пәнаралық тәсілді қажет ететін нақты тапсырма бойынша өз бетінше немесе топтарда жұмыс істейтін әдіс. География контекстінде бұл мыналарды қамтуы мүмкін:

1. Зерттеу жобалары: мысалы, урбанизацияның туған қаланың экологиясына әсерін зерттеу.

2. Шығармашылық жобалар: Карталар, макеттер, бейнелер немесе презентациялар жасау.

3. Әлеуметтік жобалар: аймақтағы экологиялық жағдайды жақсарту үшін бастамалар әзірлеу.

Жобалардың мысалдары:

1. Жергілікті экологиялық проблемаларды бақылау. Білім алушылар өз аймағындағы қоршаған ортаның жай-күйін (өзендердің тазалығы, ауаның ластануы) зерттейді, өлшеулер жүргізеді, деректерді талдайды және мәселелерді шешу жолдарын ұсынады.

2. Туристік маршрут құру. Білім алушылар оның көрікті жерлерін, табиғи ерекшеліктерін және тарихи мұраларын сипаттай отырып, өз аймағының бағытын дамытады.

3. Климаттың өзгеруін зерттеу. Білім алушылар температура, жауын-шашын және олардың бірнеше жылдағы өзгеруі туралы мәліметтер жинап, жергілікті климаттық тенденциялар туралы қорытынды жасайды.

География жобаларын жүзеге асыруда заманауи технологиялар маңызды рөл атқарады:

1. Геоақпараттық жүйелер (ГАЗ): карталар жасауға, деректерді талдауға және кеңістіктік заңдылықтарды табуға мүмкіндік береді.

2. Интернет-ресурстар: ашық дерекқорларды пайдалану (мысалы, БҰҰ немесе Дүниежүзілік банк статистикасы).

3. Бағдарламалық жасақтама: Google Earth немесе ArcGIS сияқты құралдар географиялық деректерді визуализациялауға көмектеседі.

6. Жобалық оқыту нәтижелері

Географиядағы жобалық оқыту:

1. Сыни ойлау мен зерттеу дағдыларын дамыту.

2. Командада жұмыс істеу және коммуникация дағдыларын нығайту.

3. Экологиялық және әлеуметтік жауапкершілікті қалыптастыру.

4. Практикалық қызмет арқылы терең білімді игеру.

География мектеп пәні ретінде пәнаралық, практикалық маңыздылығы мен тәрбиелік құндылығына байланысты Жобалық оқыту үшін үлкен әлеуетке ие. Географияда жобаларды жүзеге асыру білім алушыларға қоршаған әлемді тереңірек түсінуге ғана емес, сонымен қатар қазіргі қоғамда табысты өмір сүру үшін қажетті дағдыларды дамытуға көмектеседі. Оқытудың бұл түрі Географияны зерттеу процесін қызықты, ынталандыратын және шынайы өмірге мүмкіндігінше жақын етеді.

7-11-сыныптарға арналған Географияны оқыту процесінде білім алушылардың жобалық іс-әрекетін ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар

Жунусова Айнур Бактияровна, Ұлытау облысының Сатбаев қаласы "Бауыржан Момышұлы атындағы мектеп гимназиясының" география және биология пәндерінің мұғалімі, педагог-шебер

География пәні – тек табиғат құбылыстарын немесе елдердің орналасуын оқыту ғана емес, сонымен қатар білім алушылардың кеңістіктік ойлауын,

экологиялық мәдениетін, туған жерге және жаһандық ортаға деген жауапкершілігін қалыптастыратын кешенді пән. Бұл пән арқылы білім алушылар табиғи ресурстардың шектеулілігін, адам мен табиғат арасындағы өзара байланысты, қоршаған ортаның жаһандық проблемаларын терең түсіне бастайды.

Заманауи білім беру жүйесі – білім алушының жеке қабілеттерін дамытуға, шығармашылық әлеуетін ашуға және өмірлік жағдайларда білімін қолдана білуге бағытталған.

Осы орайда жобалық іс-әрекет тәсілі – география сабағында маңызды педагогикалық құрал ретінде қолданылады. Бұл әдіс білім алушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, оларды дербес ойлауға, ақпаратпен жұмыс істеуге, топта қарым-қатынас жасауға, сондай-ақ зерттеу жүргізуге дағдыландырады.

Жобалық жұмыс барысында білім алушы өздігінен тақырып тандап, мәселелерді зерттейді, оларды шешу жолдарын ұсынады. Нәтижесінде теориялық білім тәжірибемен ұштасып, оқыту үрдісі терең әрі мағыналы сипатқа ие болады.

Жобалық әдіс білім алушылардың:

- Белсенді қатысуын қамтамасыз етеді;
- Сын тұрғысынан ойлау және мәселе шешу қабілеттерін дамытады;
- Топтық жұмыс дағдыларын жетілдіреді;
- Теориялық білімді нақты өмірлік жағдайларда қолдануға үйретеді;
- Зерттеу және ақпараттық сауаттылық дағдыларын қалыптастырады.

Жобалық іс-әрекеттің түрлері:

-Картографиялық жобалар: Жергілікті жердің картасын жасау, географиялық объектілерді белгілеу.

-Экологиялық жобалар: Қоршаған ортаның жағдайын зерттеу, экологиялық мәселелерді анықтау.

-Әлеуметтік-географиялық жобалар: Халықтың көші-қоны, демографиялық өзгерістерді талдау.

- Экономикалық-географиялық жобалар: Өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, көлік жүйелерін зерттеу.

Жобалық іс-әрекетті ұйымдастыру кезеңдері

1. Тақырыпты тандау: Білім алушылардың қызығушылығын тудыратын, өмірмен байланысты тақырыптарды тандау (мысалы, климаттың өзгеруі, урбанизация, су ресурстарының тапшылығы).

2. Мақсаттар мен міндеттерді анықтау: Жобаның нақты мақсаттарын белгілеу және күтілетін нәтижелерді айқындау.

3. Жоспарлау: Жобаның кезеңдерін, мерзімдерін және жауапты тұлғаларды анықтау.

4. Зерттеу және деректер жинау: Өртүрлі ақпарат көздерінен мәліметтер жинау (кітаптар, интернет, сауалнамалар, сұхбаттар).

5. Талдау және қорытындылау: Жиналған мәліметтерді талдау, диаграммалар мен карталар жасау.

6. Нәтижені ұсыну: Презентациялар, постерлер, бейнероликтер арқылы жобаның нәтижелерін таныстыру.

7. Бағалау және рефлексия: Жобаның нәтижелерін бағалау, жетістіктер мен кемшіліктерді талдау.

Технологияны пайдалану

- геоақпараттық жүйелер (GIS): Географиялық деректерді визуализациялау және талдау.

- виртуалды экскурсиялар: Google Earth, VR технологиялары арқылы әлемнің әртүрлі аймақтарын зерттеу.

- онлайн платформалар: Google Classroom, Padlet, Kahoot арқылы жобаларды ұйымдастыру және бағалау.

Негізгі бөлім ұсынымдар

Осы ретте Географияны оқыту процесінде білім алушылардың жобалық іс-әрекетін ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар қатарына:

«Сабақты зерттеу – тәжірибені жетілдірудің тиімді жолы» жобасы

Білім беру жүйесінен көрініс табатын көкжиегімізде көрініп тұрған жарқын болашақ. Әлем өзгеруде, соған сәйкес мұғалім де өзгеріссіз қалмай, өздерінің білім беру жүйесі арқылы орын алған өзгерістерге қалай ықпал ететіндігін білуі тиіс.

Заманауи мектептегі әр ұстаздың алдына қойған мақсаты – бұл өзінің кәсіби шеберлігін заман талабына сай арттырып отыру. Яғни сабақты зерттеу тәсілдерін іске асыру шеңберінде мұғалімдерге өз педагогикалық тәжірибесін бағамдап, жетілдіруге, зерттеу дағдыларын дамыту. Бұл тәсілдер оқыту мен оқу тәсілдерін мұғалімдердің зерттеу тәжірибесімен, кәсіби мәнмәтінмен байланыста қарастыруға мүмкіндік береді.

Зерттеу қызметі мұғалімге өзінің оқыту және білім алушылардың оқу тәжірибесінің қыр-сырын бағамдауға жол ашады. Зерттеу нәтижелері, оларды мектептегі немесе кәсіби қоғамдастықтағы әріптестерімен талқылау мұғалімге өз тәжірибесіне сын көзбен қарауға түрткі болып, оны жетілдіру жолдарын іздеуге және жалпы алғанда кәсіби шеберлігін арттыруға ынталандырады. Сонымен қатар бұл зерттеу тәсілдерін іске асыру барысында мектеп жүйесін жетілдіру үшін мұғалімдердің кәсіби қоғамдастығының әлеуеті кеңінен қолданылады. Сол арқылы мұғалімдерде бірлесіп жұмыс істеу мәдениеті қалыптасады. «Мұғалімдер сыныпта зерттеу жүргізу тәжірибесіне талдау жасай отырып, өзгерістерді құрылымда болып жатқан оқыту тәжірибесіне енгізілген өзгерістермен байланыстырып, өздерін осы өзгерістерді қозғаушы күштің бір бөлігі ретінде қабылдайды» Зерттеу арқылы мұғалімнің іздену шараларының құны артады.

Осы мақсатты жүзеге асыру жолында біздің Тараз қаласы №46 орта мектебінде «Сабақты зерттеу» жобасы 2017-2018 оқу жылынан бастап қолданысқа ие болып келеді.

2024-2025 оқу жылының қыркүйек айында «Сабақты зерттеу» жобасының отырысы өткізіліп, «Сабақты зерттеу – тәжірибені жетілдірудің тиімді жолы» жобасының жылдық жоспары жасалып, бекітілді.

Мақсаты:

Зерттеушілік және тәжірибелік білімдерімен бөлісуге дайын шебер мұғалімдердің кәсіби қоғамдастығын құру. Белгілі бір мәселені зерттей отырып, мұғалімнің тәжірибесін жетілдіру. Зерттеу арқылы мұғалімнің пән бойынша білімін жетілдіру, оқыту дағдыларын жақсарту, мұғалімдердің өзара ынтымақтастығын күшейтіп, бірлескен кәсіби шара жүргізу.

Мақсаты: Зерттеушілік және тәжірибелік білімдерімен бөлісуге дайын шебер мұғалімдердің кәсіби қоғамдастығын құру. Белгілі бір мәселені зерттей отырып, мұғалімнің тәжірибесін жетілдіру.

Зерттеу арқылы мұғалімнің пән бойынша білімін жетілдіру, оқыту дағдыларын жақсарту, мұғалімдердің өзара ынтымақтастығын күшейтіп, бірлескен кәсіби шара жүргізу.

№	Мазмұны	Мерзімі	Жауапты	Іс-шаралар
1	Шығармашыл және жаңашыл топтарды серіктес мектептермен (№42 орта мектеп, №28 орта мектеп) бірлесе құру, жұмыс жоспарын бекіту	Қыркүйек	ДҒӘІЖО Божымбаева М.С	Жоспар Бұйрық
2	«Мұғалім тәжірибесіндегі зерртеу» мектепшілік кәсіби дамуы	Қазан	ПШО тренері Альтаева Ш.Қ.	Тәжірибем ен бөлісу
3	«Оқыту үдерісінде функционалдық сауаттылықты қалыптастыру»	Қараша	ДҒӘІЖО Божымбаева М.С.	Тәжірибем ен бөлісу
4	Сабақты зерттеудегі Тошия Чичибу тәсілі бойынша қазақ тілі мен әдебиеті пәні әдістемелік бірлестіктің зерттеу кезеңі	Желтоқсан, қаңтар, ақпан	Фокус топ мүшелері	Сабақты зерттеу
5	Сабақты зерттеудегі Тошия Чичибу тәсілі бойынша бастауыш әдістемелік бірлестіктің қазақ тілі пәні бойынша зерттеу кезеңі	Желтоқсан, қаңтар, ақпан	Фокус топ мүшелері	Сабақты зерттеу
6	Сабақты зерттеудегі Тошия Чичибу тәсілі бойынша №42 орта мектебінің қазақ	Желтоқсан, қаңтар, ақпан	Фокус топ Мүшелері	Сабақты зерттеу

	тілі мен әдебиеті пәні әдістемелік бірлестіктің зерттеу кезеңі		Саурыкова Н.А.	
7	Сабақты зерттеудегі Тошия Чичибу тәсілі бойынша №28 орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні әдістемелік бірлестіктің зерттеу кезеңі	Желтоқсан, қаңтар, ақпан	Фокус топ Мүшелері Оспанова Ф.Н.	Сабақты зерттеу
8	Сабақты зерттеудегі Тошия Чичибу тәсілі бойынша қазақ тілі мен әдебиеті пәні әдістемелік бірлестіктің зерттеу кезеңі	Ақпан	Фокус топ Мүшелері ДҒӘІЖО Божымбаева М.С	Облыстық семинар
9	Сабақты зерттеудегі Тошия Чичибу тәсілі бойынша бастауыш әдістемелік бірлестіктің қазақ тілі пәні бойынша зерттеу кезеңі	Ақпан	Фокус топ Мүшелері Божымбаева М.С	Облыстық семинар
10	Сабақты зерттеудегі Тошия Чичибу тәсілі бойынша №42 орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні әдістемелік бірлестіктің зерттеу кезеңі	Желтоқсан, қаңтар, ақпан	Фокус топ Мүшелер ДҒӘІЖО Божымбаева М.С	Облыстық семинар
11	Сабақты зерттеудегі Тошия Чичибу тәсілі бойынша №28 орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні әдістемелік бірлестіктің зерттеу кезеңі	Желтоқсан, қаңтар, ақпан	Фокус топ Мүшелері ДҒӘІЖО Божымбаева М.С	Облыстық семинар
12	Мұғалімдердің шығармашылық жұмыстарын баспа бетіне (қала, облыс, Республика) шығаруға жинақтау	Наурыз, сәуір	Жоба мүшелері	Жинақтар көрмесі

Қазан айында «Мұғалім тәжірибесіндегі зерртеу» тақырыбында сыртқы эксперт, ПШО-ның Тараз қаласындағы филиалының аға менеджері Альтаева Шакизат Кудайбергеновна мұғалімдермен өз тәжірибесімен бөлісіп, коучинг өткізді.

Қараша айында «Оқыту үдерісінде функционалдық сауаттылықты қалыптастыру» тақырыбында директордың ғылыми-әдістемелік ісі жөніндегі

орынбасары Божымбаева Минура Сарсенбековна мұғалімдермен өз тәжірибесімен бөлісіп, семинар өткізді.

Қараша-желтоқсан айы аралығында 2022 жылғы PISA халықаралық зерттеуінде білім алушылардың оқу сауаттылығы төмен нәтиже көрсетті. Олар ақпаратты алу, түсіну, талдау, бағалау және болжам жасау дағдыларында қателіктерге бой алдырған. Оқу, математикалық және жаратылыстану сауаттылығы білім алушы білімін бағалаудың негізгі бағыттары болғанымен, зерттеу нәтижесі бұл салада қиындықтар бар екенін көрсетті. Осы олқылықтарды жою мақсатында №46 орта мектебі қазақ тілі мен әдебиеті пәнін зерттеу нысаны ретінде тандап, серіктес мектептермен бірлесіп тәжірибе алмасу мақсатында зерттеу жұмысы жүргізілді.

PISA-ның басты талабы – білім алушының функционалдық оқу сауаттылығын арттыру. Функционалдық сауаттылық дегеніміз – адамның күнделікті өмірде алған білімін тиімді қолдана білу қабілеті. Бұл сауаттылық тек білімді жаттап алу емес, оны нақты өмірлік жағдаяттарда пайдалана алуды білдіреді. Осыған байланысты жетекші және серіктес мектептерінің зерттеу жұмысының тақырыбы мен мақсаты нақтыланып, сыныпты таңдау үдерісі басталды.

Зерттеу тақырыбы – «Функционалдық сауаттылыққа негізделген тапсырмалар білім алушылардың ақпаратты бағалау дағдыларын қаншалықты жақсартады?»

Зерттеу мақсаты: Функционалдық сауаттылыққа негізделген тапсырмалар арқылы білім алушылардың мәтін мазмұны және форматы бойынша бағалау.

№46 орта мектеп бойынша барлығы 87 сыныптың ішінен тоқсандық оқу үлгерімі көрсеткіштері негізінде 17 сынып зерттеу жұмысына іріктелініп алынды.

№42 орта мектеп бойынша барлығы 62 сыныптың ішінен тоқсандық оқу үлгерімі көрсеткіштері негізінде 3 сынып зерттеу жұмысына іріктелініп алынды.

Ә.Молдағұлова атындағы №28 орта мектеп бойынша барлығы 32 сыныптың ішінен тоқсандық оқу үлгерімі көрсеткіштері негізінде 3 сынып зерттеу жұмысына іріктелініп алынды.

Мектептегі тоқсан бойынша параллель сынып арасындағы төмен білім сапасын көрсеткен сыныптар анықталды. Сол сынып білім алушыларынан сауалнама алынып, нәтижелері талданды. Талдау негізінде жетекші №46 орта мектебінде 5 «В», 6 «В», 7 «В», 8 «Д», 10 «А», 10 «Г» сыныптары қатысты. Жалпы білім алушы саны – 319. Серіктес №42 орта мектебінен 6 «Ж», 5 «Д», 7 «В» сыныптарынан 67 білім алушы қатысты және серіктес Ә.Молдағұлова атындағы №28 орта мектебінен 8 «А», 6 «В», 5 «А» сыныптарынан 51 білім алушы қатысты.

1-сыныптар бағаланбайтындықтан және де 9, 11 – сыныптар мемлекеттік емтихан болатын болғандықтан алынбады.

Сыныптар анықталған соң, жетекші және серіктес мектептерден зерттеу топтары құрылды. Мектеп әкімшілігімен бірлесіп, жұмыс топтары бекітілді.

№46 орта мектебі

Модератор: Жолдыбаева Г.Б.

Зерттеу сұрағы: Функционалдық сауаттылыққа негізделген тапсырмалар білім алушылардың ақпаратты бағалау дағдыларын қаншалықты жақсартады?

Топ мүшелері:

Торғаева Ғ.Қ. – 5 «В»

Темиржанова С.Б. - 7 «В»

Жунсалиева Г.Е. - 6 «В»

Бақылаушылар:

Абдешова Сандугаш Хамитовна

Темиржанова С.Б.

Жунсалиева Г.Е.

Бақылаушылар:

№42 орта мектеп (серіктес мектеп)

Наржанова Рахила Ермекбаевна

Балтабаева Молдир Бейсенбековна

Раева Гулназ Пернехановна

II топ

Модератор: Оспанова Ф.Н.

Зерттеу сұрағы: Функционалдық сауаттылыққа негізделген тапсырмалар арқылы білім алушылардың ақпаратты талдау дағдыларын қалай арттыруға болады?

Топ мүшелері:

Утепбаева Н.С. – 10 «А»

Асанкулова Ж.С. – 10 «Г»

Торғаева Мария Курмансеитовна - 8 «Д»

Бақылаушылар:

Утепбаева Н.С.

Асанкулова Ж.С.

Оспанова Ф.Н.

Бақылаушылар:

Ә.Молдағұлова атындағы №28 орта мектеп (серіктес мектеп)

Байкулова Багила Шалбаевна

Жузбаева Улара Лесовна

Ешкибаева Нурилла

Модератор: Сатымбекова Ж.

№42 орта мектебі

Модератор: Құлжан А.Ж.

Зерттеу сұрағы: Функционалдық сауаттылыққа негізделген тапсырмалар арқылы білім алушылардың ақпаратты талдау дағдыларын қалай арттыруға болады?

Топ мүшелері:

Рыскулова А.К. - 6 «Ж»

Наржанова Р.Е. - 5 «Д»

Балтабаева М.Б. - 5 «Д»

Бақылаушылар:

Рыскулова А.К.

Наржанова Р.Е.

Балтабаева М.Б.

Ә.Молдағұлова атындағы №28 орта мектебі

Модератор: Калтаева Майра Муратбековна

Зерттеу сұрағы: Функционалдық сауаттылыққа негізделген тапсырмалар арқылы білім алушылардың ақпаратты талдау дағдыларын қалай арттыруға болады?

Бақылаушылар:

Байкулова Б.Ш. - 8 «А»

Жузбаева У.Л. - 5 «А»

Ешкибаева Н. - 6 «В»

7 фокус тобында I, II, III циклдің сабақ кестесі құрылып, зерттеу сабағы өтілді.

Жұмысты бастамас бұрын талқылауға жоспарланған мәселелер жазылып отырылды, сабақ жоспары бірлесіп отырып жасалынды, кеңейтілген сұрақтар жазылды. Мектеп психологтары жоғарыда аталған зерттеу сыныптарының ата-аналарымен түсіндіру жұмыстарын ұйымдастырып, олардың жазбаша келісімін алды. Ата-аналармен кері байланыс орнату арқылы зерттеу үдерісінің ашықтығы қамтамасыз етілді. Психологтармен бірлесе отырып, білім алушылар арасында зерттеу жүргізіліп, арнайы сауалнама алынды.

Зерттеу сабағына дейін білім алушылардан сауалнама алынды. Сауалнамаға жетекші және серіктес мектептерінің білім алушылары қатысты. Жалпы сауалнамаға қатысқан білім алушылар саны – 437.

Сауалнама нәтижесінде білім алушылардың көпшілігі мәтінмен терең жұмыс істеу, ақпаратты саралау, талдау және өз ойларын дәлелдеп жеткізу дағдыларында қиындықтарға тап болатынын көрсетті. Сонымен қатар, олар функционалдық сауаттылықты дамытуға бағытталған тапсырмаларды орындау барысында заманауи әдістерге бейімделуде қосымша қолдауды қажет ететіні анықталды.

Зерттеуге қатысушы мұғалімдерге де сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға қатысқан мұғалімдердің саны - 40.

Сауалнама нәтижесі мұғалімдердің көпшілігі функционалдық сауаттылықты дамытуға арналған цифрлық платформаларды жиі қолданбайтынын және оларды сабақпен үйлестіріп қолдануда қиындықтарға тап болатынын көрсетті. Сонымен қатар, заманауи әдіс-тәсілдерді (жобалық жұмыс, кейс, пікірталас т.б.) жүйелі түрде қолдану дағдысы барлық мұғалімде бірдей қалыптаспаған.

Зерттеу жұмысы 11 қарашада басталып, алғашқы сабақтар өткізілді. Бұл сабақтарда функционалдық сауаттылықты дамытуға бағытталған тиімді әдіс-тәсілдер, тапсырмалар мен кері байланыс түрлері сарапқа салынды. Атап айтқанда, зерттеу «Функционалдық сауаттылыққа негізделген тапсырмалар арқылы білім алушылардың ақпаратты талдау дағдыларын қалай арттыруға

болады?» деген тақырып аясында жүргізілді. Сабақтардың тиімділігі сыртқы сарапшылар, мектеп тренерлері және мектеп әкімшілігі тарапынан бағаланып, назарға алынды.

Нәтижесінде зерттеу сабақтарының үш циклі жоспарланып, негізгі кезең басталды. Зерттеу үш ай бойы 23 сыныпта жүргізілді. Әр сабаққа сарапшылар мен тренерлер тұрақты қатысып, жұмыс сапасын бақылап отырды. Әр цикл өзара байланысты жүргізіліп, сабақ соңында «Неліктен солай болды?» деген сұраққа дәлелдер негізінде жауаптар берілді. Сонымен қатар, сауалнама нәтижелері сараланып, білім алушылардың ойлау дағдылары мен ақпаратты талдау қабілеттерінің динамикасы зерттелді.

Сабақтар бірлесе жоспарланып, әр сабақты талдау арқылы жетілдіру жұмыстары жүйелі жүргізілді. Әсіресе, функционалдық сауаттылыққа негізделген тапсырмалар арқылы білім алушылардың мәтіндегі ақпаратты сараптау, салыстыру, қорытындылау қабілеттерін арттыруға ерекше мән берілді. Бұл әдіс үлгерімі төмен білім алушылардың да пәнге деген қызығушылығын арттырып, олардың жеке мүмкіндіктерін ашуға мүмкіндік берді.

Зерттеу барысында мұғалімдер мен әріптестер тығыз ынтымақта жұмыс істеп, сабақ жоспарларын құрудан бастап, оны талқылауға дейінгі барлық үдерістерде бірлесіп әрекет етті. Әр сабақ соңында А, В, С санатындағы білім алушылардан алынған сұхбат нәтижелері арқылы сабақтың ұтымды және жетілдіруді қажет ететін тұстары «білім алушы үнімен» анықталды. Бұл мәліметтер келесі сабақтарда жетілдіру бағытын нақтылауға негіз болды.

Жалпы, сабақты зерттеу үдерісі білім алушылар мен мұғалімдердің үздіксіз білім алуына, оқыту сапасының артуына, жаңа әдістерді енгізуге және функционалдық сауаттылыққа басымдық беруге ықпал етті. Мұғалімдердің зерттеушілік дағдылары дамып, бағалау тәсілдерін тиімді қолдану дағдылары қалыптасты. Сабақты зерттеу барысында білім алушылар өз қателіктерін байқап, оларды түзету арқылы білім сапасын жетілдірді. Сонымен қатар, мұғалімдер де өз тәжірибесін саралап, функционалдық сауаттылықты дамыту бағытында оқыту стратегияларын жетілдірді.


«Lesson Study» зерттеу сабақтарының нәтижесінде білім алушыларда:

- оқу үлгерімі жақсарды;
- білімдерін тереңдетіп, қызығушылықтарын арттырды;
- топтық, жұптық, жеке жұмыстар барысында пікір алмасып, зерттеу әрекеттерін дамытты;
- пікір алмасуда сыни тұрғыдан ойлау дағдылары қалыптасты;
- өз ойларын еркін айтып, зерттеу жүргізіп тұлғалық қасиеті дамыды.

Зерттеу сабағы алдындағы сауалнама нәтижесі білім алушылардың көпшілігі ақпаратты күнделікті өмірде тиімді пайдалана алмайтынын және оларды дұрыс түсініп, қорытынды жасай алмайтынын, өмірде қолдануда қиындықтарға тап болатынын көрсетті.

Зерттеу сабағының соңындағы білім алушылардан алынған сауалнама нәтижесінде білім алушылардың басым бөлігі өздерінің функционалдық сауаттылық деңгейіне сенімді болғанын көрсетті. Әсіресе, ойды нақты жеткізу,

мәтіннен басты ойды табу және ақпаратты талдау бағыттарында көрсеткіштері көтерілді.



«Lesson Study» зерттеу сабақтарының нәтижесінде мұғалімдерде:

- мұғалімдердің кәсіби шеберлігі артты;
- әріптестік ынтымақтастық дамыды;
- сабақтан кейінгі талқылау мұғалімдерге өзінің әдіс-тәсілдерін сын

көзбен қарап, жақсарту жолдарын көруге мүмкіндік берді.

Сауалнама нәтижесі мұғалімдердің көпшілігі функционалдық сауаттылықты дамытуға арналған цифрлық платформаларды сабақта тиімді үйлестіріп, қолдануға дағдыланды. Сонымен қатар, заманауи әдіс-тәсілдерді (жобалық жұмыс, кейс, пікірталас т.б.) жүйелі түрде қолдану дағдысы барлық мұғалімде бірдей қалыптасты.

Ең бастысы – бұл дағдылар тек оқу үдерісінде ғана емес, өмірлік жағдайларда да маңызды рөл атқарады. Мәселен, білім алушы алған ақпаратты дұрыс түсініп, оны нақты жағдайға қолдана алса, ол болашақта саналы шешім қабылдай алатын, жауапкершілігі жоғары тұлға ретінде қалыптасады. Демек, функционалдық сауаттылық – тек білім көрсеткіші емес, ол өмірлік құзыреттілікке бастар жол.

Алдағы уақытта бұл бағыттағы жұмыстарды жалғастырып, зерттеу тәжірибесін одан әрі жетілдіру арқылы білім беру сапасын арттыруды мақсат етіп отырмыз. Функционалдық сауаттылықты дамыту – заманауи білім берудің басты талабы екенін ескере отырып, мұндай зерттеу жұмыстарының білім беру мен өмірлік дағдыларды қалыптастырудағы тиімділігі мен маңыздылығы зор екеніне сеніміміз мол.

Қазіргі білім беру жүйесінде құндылықтарға негізделген білім берудің маңызы артып келеді. Бұл білім алушылардың бойында адамгершілік қасиеттерді, патриотизмді, экологиялық жауапкершілікті және әлеуметтік

белсенділікті қалыптастыруға бағытталған. География пәні осы мақсаттарға жету үшін таптырмас құрал болып табылады, өйткені ол адам мен табиғаттың өзара әрекеттесуін, әлеуметтік-экономикалық дамуды және мәдениеттердің алуантүрлілігін зерттейді.

Жобалық іс-әрекет білім алушылардың белсенділігін арттырып, шығармашылық қабілеттерін дамытатын, зерттеу дағдыларын қалыптастыратын тиімді әдіс болып табылады. Бұл әдіс география пәнін оқытуда құндылықтарды сіңіруге, білім алушыларды қоршаған ортаға деген жанашырлыққа, өз еліне деген сүйіспеншілікке және әлемдік мәселелерге бей-жай қарамауға тәрбиелеуге мүмкіндік береді. Ең бастысы – бұл дағдылар тек оқу үдерісінде ғана емес, өмірлік жағдайларда да маңызды рөл атқарады. Мәселен, білім алушы алған ақпаратты дұрыс түсініп, оны нақты жағдайға қолдана алса, ол болашақта саналы шешім қабылдай алатын, жауапкершілігі жоғары тұлға ретінде қалыптасады. Демек, функционалдық сауаттылық – тек білім көрсеткіші емес, ол өмірлік құзыреттілікке бастар жол.

Алдағы уақытта бұл бағыттағы жұмыстарды жалғастырып, зерттеу тәжірибесін одан әрі жетілдіру арқылы білім беру сапасын арттыруды мақсат етіп отырмыз. Функционалдық сауаттылықты дамыту – заманауи білім берудің басты талабы екенін ескере отырып, мұндай зерттеу жұмыстарының білім беру мен өмірлік дағдыларды қалыптастырудағы тиімділігі мен маңыздылығы зор екеніне сеніміміз мол.



1. Құндылыққа негізделген білім берудің мәні және географияның рөлі

Құндылыққа негізделген білім беру – бұл білім алушылардың бойында жалпыадамзаттық құндылықтарды, ұлттық патриотизмді, толеранттылықты және әлеуметтік жауапкершілікті қалыптастыруға бағытталған педагогикалық процесс. Ол білім алушылардың ақыл-ойын, сезімін және ерік-жігерін дамытуға, оларды өмірлік қиындықтарға дайындауға және қоғамға пайдалы азамат болуға тәрбиелеуге бағытталған.

География пәні құндылықтарды сіңіруге зор мүмкіндіктер береді:

• **Табиғатқа деген сүйіспеншілік және экологиялық жауапкершілік:** Географиялық білім табиғаттың сұлулығын, оның осалдығын және адамның әсерінен болатын өзгерістерді түсінуге көмектеседі.

• **Патриотизм және ұлттық мақтаныш:** Өз елінің географиялық орнын, табиғатын, халқын және мәдениетін білу білім алушыларда патриоттық сезімді оятады.

• **Толеранттылық және мәдениетаралық түсіністік:** Әлем халықтарының мәдениетін, тұрмысын және салт-дәстүрін зерттеу білім алушыларда басқа халықтарға деген құрметті қалыптастырады.

• **Әлеуметтік жауапкершілік:** Жаһандық мәселелерді (климаттың өзгеруі, су тапшылығы, кедейлік және т.б.) зерттеу білім алушыларды әлемде болып жатқан оқиғаларға бей-жай қарамауға және оларды шешуге атсалысуға шақырады.

2. Жобалық іс-әрекеттегі зерттеу үрдісінің кезеңдері

Жобалық іс-әрекеттегі зерттеу үрдісі бірнеше кезеңнен тұрады:

1. **Тақырыпты таңдау және жобаның мақсатын анықтау:** Бұл кезеңде білім алушылардың қызығушылығын тудыратын және құндылықтық мәні бар тақырып таңдалады. Жобаның мақсаты нақты, өлшенетін және қол жеткізетін болуы керек. Мысалы, “Менің ауылымның (қаламның) экологиялық проблемалары және оларды шешу жолдары” немесе “Қазақстанның туристік әлеуеті және оны дамыту перспективалары”.

2. **Ақпарат жинау және талдау:** Білім алушылар әртүрлі ақпарат көздерін (кітаптар, интернет, сарапшылармен сұхбат және т.б.) пайдалана отырып, тақырып бойынша ақпарат жинайды. Жиналған ақпаратты жүйелеу, талдау және қорытындылау қажет.

3. **Зерттеу сұрағын (гипотезаны) тұжырымдау:** Жиналған ақпараттың негізінде білім алушылар зерттеу сұрағын немесе гипотезаны тұжырымдайды. Зерттеу сұрағы нақты және жауап іздеуге бағытталған болуы керек. Мысалы, “Менің ауылымдағы ауаның ластануының негізгі себептері қандай?” немесе “Қазақстанда туризмді дамыту үшін қандай шаралар қажет?”.

4. **Зерттеу әдістерін таңдау және деректер жинау:** Зерттеу сұрағына жауап беру үшін білім алушылар әртүрлі зерттеу әдістерін (сауалнама, бақылау, эксперимент, статистикалық талдау және т.б.) пайдаланады. Деректерді жинау процесі мұқият және жүйелі болуы керек.

5. **Деректерді талдау және қорытындылау:** Жинақталған деректерді талдау арқылы білім алушылар зерттеу сұрағына жауап береді немесе гипотезаны растайды/жоққа шығарады. Қорытындылар нақты деректерге негізделуі керек.

6. **Жобаның нәтижелерін ұсыну:** Білім алушылар жобаның нәтижелерін әртүрлі формада (презентация, баяндама, постер, Үлгі және т.б.) ұсынады. Ұсынылған материал түсінікті, қызықты және көз тартарлық болуы керек.

7. **Рефлексия және бағалау:** Білім алушылар жоба барысында алған білімдері мен дағдыларын талдайды және жобаның жетістіктері мен кемшіліктерін анықтайды. Жобаны бағалау кезінде білім алушылардың белсенділігі, зерттеу жұмысының сапасы, нәтижелердің практикалық маңызы және құндылықтық бағдары ескеріледі.

3. Жобалық іс-әрекетті ұйымдастырудың формалары мен түрлері

География пәні бойынша жобалық іс-әрекетті ұйымдастырудың әртүрлі формалары мен түрлері бар:

• **Жеке жобалар:** Білім алушы өз бетінше тақырыпты зерттейді және жобаны орындайды. Бұл форма білім алушының дербестігін және жауапкершілігін арттырады.

• **Топтық жобалар:** Білім алушылар тобы бірлесіп тақырыпты зерттейді және жобаны орындайды. Бұл форма командалық жұмыс дағдыларын және коммуникативтік қабілеттерін дамытады.

• **Зерттеу жобалары:** Білім алушылар нақты зерттеу сұрағына жауап іздейді және ғылыми әдістерді пайдаланады.

• **Практикалық жобалар:** Білім алушылар нақты мәселені шешуге бағытталған және практикалық нәтижеге қол жеткізуге тырысады.

• **Шығармашылық жобалар:** Білім алушылар өздерінің шығармашылық қабілеттерін пайдалана отырып, жобаны ерекше және қызықты етіп жасайды.

• **Әлеуметтік жобалар:** Білім алушылар қоғамға пайда әкелетін және әлеуметтік мәселелерді шешуге бағытталған жобаларды орындайды.

4. Жобалық іс-әрекеттің мысалдары және құндылықтық бағдары

1. **“Менің ауылымның (қаламның) экологиялық проблемалары және оларды шешу жолдары”:** Бұл жоба білім алушыларды қоршаған ортаның жағдайына бей-жай қарамауға, экологиялық сананы қалыптастыруға және табиғатты қорғауға шақырады.

2. **“Қазақстанның туристік әлеуеті және оны дамыту перспективалары”:** Бұл жоба білім алушыларда өз еліне деген сүйіспеншілікті оятады, олардың Қазақстанның тарихымен, мәдениетімен және табиғатымен танысуына мүмкіндік береді.

3. **“Әлем халықтарының мәдениеті және тұрмысы”:** Бұл жоба білім алушыларда басқа халықтарға деген құрметті қалыптастырады, толеранттылықты арттырады және мәдениетаралық түсіністікті дамытады.

4. **“Климаттың өзгеруі және оның салдарын азайту жолдары”:** Бұл жоба білім алушыларды жаһандық мәселелерге бей-жай қарамауға, климаттың өзгеруінің себептері мен салдарын түсінуге және оны шешуге атсалысуға шақырады.

5. **“Су тапшылығы және оны шешу жолдары”:** Бұл жоба білім алушыларды су ресурстарын үнемдеуге, суды тиімді пайдалануға және су тапшылығының алдын алуға тәрбиелейді.

География пәні бойынша құндылыққа негізделген білім беру аясындағы жобалық іс-әрекет білім алушылардың бойында адамгершілік құндылықтарды, патриотизмді, экологиялық жауапкершілікті және әлеуметтік белсенділікті қалыптастыруға мүмкіндік береді. Жобалық іс-әрекет білім алушылардың белсенділігін арттырып, шығармашылық қабілеттерін дамытатын, зерттеу дағдыларын қалыптастыратын тиімді әдіс болып табылады.

Мұғалімдер жобалық іс-әрекетті ұйымдастыру кезінде білім алушылардың жас ерекшеліктерін, қызығушылықтарын және мүмкіндіктерін ескеруі керек. Жобаның тақырыбы білім алушылар үшін қызықты және маңызды болуы керек, ал жобаның мақсаты нақты және қол жеткізетін болуы керек.

Жобалық іс-әрекетті бағалау кезінде білім алушылардың белсенділігі, зерттеу жұмысының сапасы, нәтижелердің практикалық маңызы және құндылықтық бағдары ескеріледі.

Құндылыққа негізделген білім беру аясындағы жобалық іс-әрекет география пәнін оқытудың ажырамас бөлігі болуы керек. Бұл әдіс білім алушыларды қоршаған ортаға деген жанашырлыққа, өз еліне деген сүйіспеншілікке және әлемдік мәселелерге бей-жай қарама

География пәні бойынша құндылыққа негізделген білім беру аясында іс-әрекеттегі зерттеу үрдісі

А.М. Жылкайдарова, Қарағанды облысы білім басқармасының Қарағанды қаласы білім бөлімінің «Әлихан Бөкейхан атындағы ЖББМ» КММ мұғалімі.

Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында құндылықтарға негізделген білім берудің маңызы ерекше аталды[1]. Мемлекеттік білім беру стандарты қоғамдық өмірге белсене араласатын, әлеуметтік жауапкершілігі жоғары патриоттық санасы дамыған азаматты қалыптастыру мақсатында негізгі құндылықтарды оқу-тәрбие процесіне енгізді[3].

Заманауи сабақ үрдісінде білім алушыны тұлға ретінде тәрбиелеуге баса назар аударып, баланың бойында тұлғалық және адами құндылықтарды қалыптастыруға аса көңіл бөлдім. Әр білім ошағының өз құндылығы бар, мен ұлттық құндылыққа негіздеймін.

Құндылықтарды кітаптан немесе оқулықтан оқып үйренбейді, ол адамнан адамға дариыды. Мұғалім білім алушылардың мінез-құлқы мен мәдениетін қалыптастыратын тұлға. Себебі, мұғалім тек академиялық сабақ беріп қоймайды, білім алушының бойында әртүрлі өмір жағдайына бейімделуге машықтандырады. Құндылыққа бағытталған тәсіл - бұл белгілі бір құндылықтар тұрғысынан іс-әрекетті ұйымдастыру, орындау, оның нәтижелерін алу және пайдалану. Әлихан Бөкейхан айтқандай «Ұлтқа қызмет ету білімнен емес мінезден».

Осы бағытта іс-әрекеттегі зерттеу үрдісін жүргізу ең оңтайлы шешім болады. Білім сапасы керек кезеңде оқытудағы проблемаларды, білім алушының оқу мақсатына жетпеу мәселелерінің шешімін зерттеу.

Зерттеу – сіздің проблемаларды шешудегі басты құралыңыз бола алады. Ал, сабақ үдерісіндегі проблемаларды шешу үшін сабақты зерттеуді қолға алсаңыз қателеспейсіз. Пәнді оқытудағы проблеманы алып, оған зерттеу сұрағын анықтап, шешу жолдарын шыншыл дос көмегімен жүргізілді. «Географияның тілі -карта», «Географияның альфасымен гаммасы-карта» дегендей, статистикалық деректермен қамтылған кескін картаны қолданудағы іс-әрекеттегі зерттеу жұмыстарының үрдісі туралы айтылады.

Мақсатым: құндылыққа негізделген білім беру кезеңіндегі іс-әрекеттігі зерттеу үрдісінің өзектілігін айқындау. Осы мақсатқа жету барысында бірнеше міндеттерді орындадым:

- зерттеу ережелері мен тұжырымдамаларымен танысып, арнайы біліктілік арттыру курстарынан өттім;

- осы бағытта жазылған отандық және шетелдік әдебиеттерге шолу жасалды;

- пәнді оқытудағы проблеманы анықтап, проблемалық сұрақ қойылып, зерттеу тақырыбы белгіленді;

- сабақ үрдісіндегі білім алушы бойындағы құндылықтарды дамыту, шыңдау жолдарын ерекшелеп алу;

- педагогикалық идея тұрғысынан кескін карталарды статистикалық деректермен толықтырып, білім алушыға жұмыс кескін картасын дайындадым;

- сабақ үрдісінде тұжырымдалған іс-әрекетер барысын бақылап, кері байланыс арқылы, талдау жасалды;

- тоқсан соңында мониторинг жасалып, жұмыс нәтижесі қалалық, облыстық семинар, конференцияларына ұсынылды.

Зерттеу жұмысы талдау нәтижелеріне қарай жалғасуда, 5 жылда белгілі бір нәтижеге жетіп, тұжырымдамасы шығарылу мақсатында екі жылдық жұмыс нәтижесі ұсынылды.

Джон Кольер (терминін ендіре отырып, әдістемесін дайындаған): «Action Research зерттеу өзгеретін (зерттелетін) жағдайдың бөлігі болып табылатын әлеуметтік топ мүшелерінің қатысуымен жүргізілуі керек».

Стивен Кори «Action Research -мектеп практикасын жақсарту үшін» кітабында: «Егер тәжірибешілер эмпирикалыққа сүйене отырып, оқу бағдарламалары мен оқу тәжірибелерін әзірлеуге қатыспаса, білім берудегі өзгеріс болмайды, олар зерттеу арқылы алатын білім». Мектеп практикасын жақсарту мақсатында жұмыстар жүргізілді. Осы бағытта жүргізілген әдістемесіне тоқталайық.

Құндылық — белгілі бір заттың маңыздылығы, керектігі. Сырттай құндылық зат не құбылыстың қасиеті болып анықталады. Құндылықтар жүйесі адамның күнделікті қоғамдық не жеке тұрмыстық бағдарында, оның айналасындағы заттар мен құбылыстарға қарым-қатынасының орнауында орын алады[2].

Еңбек пен шығармашылық құндылықтарды дарыту негізінде білім алушылардың шығармашылықпен және сын тұрғысынан ойлау, коммуникативтілік және ақпараттық-коммуникациялық құралдар мен технологияларды тиімді қолдана білу қабілеттері дамиды[5].

Құндылық ұғымына тұңғыш философиялық анықтаманы Р.Лотце мен Г.Коген берді. Ежелгі философиялық көзқарастарда құндылықтың әр түрлі көріністеріне жататын және табиғи, қоғамдық құбылыстарды, адамның іс-әрекетін бағалауда пайдаланылатын сұлулық, қайырымдылық, мейірімділік секілді этикалық және эстетикалық ұғымдар қолданылды[4].

Зерттеу барысындағы үрдіс жүйесі: сыншыл дос анықтау; сынып, пәнді таңдау; мәселені айқындау(проблема); зерттеу сұрағын тұжырымдау; мақсат қою немесе тақырып алу; іс-әрекеттегі зерттеуді жоспарлау; триангуляция үдерісі; үш циклді өткізу; қорытындылау; құжаттама. Сонымен қатар, сандық мәліметтерді: БЖБ және ТЖБ нәтижелері, білім сапасы, жабық сұрақты сауалнамаларды жинақтау. Сапалық мәліметтерді: мұғаліммен білім алушының рефлексивті жазбалары, іс-әрекетті зерттеудегі жазбалар мен шешімдер, сабақ

жоспарларлар, білім алушылардың жұмыстарын бағалау, жеке интервью жасау арқылы тұжырымдау.

Зерттеу барысында бірінші жылы В. Ф. Шаталов әдісі, сызба белгілерін (сигналдарын) сабақта қолдану. В. Ф. Шаталов технологиясының ерекшелігіне тоқталсақ: Бірінші ерекшелігі — нақты дәл есептелген оқу процесін құра білу. В. Ф. Шаталов бұл құрылымды былай түсіндірді «Тірек сигналдары дегеніміз — ойынның элементі, уақыт үнемділігі және бала психологиясын қызықты құбылысқа бағыттау. Бірақ ең басты мақсат — берілген тақырыпты логикалық байланыстар негізінде білім алушының түсінуі мен ұзақ уақыт есте сақтауы». Екінші ерекшелігі — уақыт үнемділігі. Мысалы, белгілі бір тақырыпты түсіндіру барысында бірнеше тақырыпты жинақтап, ықшамдап бір-екі тірек сигналына сыйдыруға болады. Бұл әдістеме қазіргі күнге дейін құндылығын жойған жоқ. Тірек сызба белгілер сабақтың негізгі құрам бөлігі ретінде қолданылады. Мұнда негізінен мына мәселелерге назар аударған жөн.

1. Тірек — сызба белгілерін пәнді жүргізудің басынан бастаған жөн.

2. Мүмкіндігінше барлық сабақтарда пайдалану керек.

3. Сызбанұсқаға білім алушылармен бірге талдау жүргізіп отыру. Сызбанұсқаларды (схемаларды) білім алушылардың қатысуымен талдау керек.

4. Білім алушылардың белгілі тақырыпқа сай сызба белгі даярлауға негізделген өзіндік жұмыс жасауына мүмкіндік беру.

5. Білім алушының топпен және жұппен жұмыс жасауына мүмкіндік беру.

Екінші жылы статистикалық кескін карта арқылы оқу мақсатына жете отырып, құндылықтарды бала бойына сіңірту.

Ұсынылған әдістеменің практикадағы орнын баяндайық. Қазақстан географиясы сабағында географиялық дереккөздерді зерделеу мен талдау кезінде білім алушылар өткен түрткіжайттарды біліп қана қоймайды, тарихи оқиғалардың мәнмәтіні мен мағынасын түсіну арқылы базалық құндылықтарды қалыптастыруға бірігей мүмкіндік алады. Қазақстан географиясын оқу кезінде білім алушыларға ұлттық бірігейлікті түсінуге, өз халқының құрамы мен дамуы, экономикасы мен әлеуметтік жағдайын, экологиялық жағдайын түсінуге көмектеседі.

Еліміздің табиғи байлықтарын біліп оқығанда, елдің тарихи мұрасы мен дәстүрлері үшін мақтаныш сезімін қалыптастыруға ықпал етеді.

Демография тақырыбында елдің көпұлттылығы тұрғысынан, әртүрлі мәдениеттерге құрмет пен төзімділіктің маңыздылығын айта келе, құрмет пен ынтымақтастық құндылықтарын шыңдайды.

Қазақстанның әкімшілік-территориялық құрылысы мен шекаралық ерекшеліктеріне тоқталғанда патриотизм мен азаматтық жауапкершілік сияқты құндылықтардың маңыздылығын көрсете алады.

Қазақстан географиясының экономикалық-әлеуметтік жағдайын оқыту білім алушылардың сыни ойлау, ақпаратты талдау және синтездеу дағдыларын дамытады. Бұл дағдылар өмір бойы білім алу, құндылығын қалыптастыруға және өткен мен бүгінді түсінуге саналы көзқарасты қалыптастыруға ықпал етеді.

Қазақстан географиясы сабағында ұлттық құндылықтарды білім алушы бойына сіңіртуге міндеттіміз. Әр сабақта білім алушылардың ұлттық және

жалпыадамзаттық құндылықтарды бойына дарытуда жұмыстар жасалып жатыр. Пәнді оқыту барысында айқындалатын негізгі құндылықтар: қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілік, құрмет, ынтымақтастық, еңбек пен шығармашылық, ашықтық, өмір бойы білім алу. Құндылықтарды дарыту негізінде білім алушылар бойында: Қазақстан мүддесіне қызмет етуге дайындығы, Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарының нормаларын құрметтеу және сақтауы, Қазақстан халқының мәдениеті мен дәстүрлерін, әлемнің мәдениеттік алуан түрлілігін құрметтеуі, қоршаған ортаға және экологиялық тұрақтылықты сақтауға оң қарым-қатынас, шығармашылықпен және сын тұрғысынан ойлау, коммуникативтілік және ақпараттық-коммуникациялық құралдар мен технологияларды тиімді қолдана білу, өмір бойы білім алуға және өзін-өзі жетілдіруге талпыну бағыты дамиды.

Сабақ үрдісіндегі бірлескен оқу кезеңінде білім алушыларды ізденуге, мәселелерді талқылауда, көзқарасын дәлелдеуде белсенділікке, сындарлы шешімдер қабылдауға ұмтылу жолымен өздігінен тәжірибе меңгеруін ұйымдастыруға негізделеді. 9-сыныпта Қазақстан географиясы арқылы ұлттық мүдделер мен құндылық бағдарларын ұғынуға басымдық танытылады. Мысалы: «Физикалық география» бөлімі «Атмосфера» бөлімшесі бойынша туған жердің рухани және табиғи қазыналығына, экология, климаттық өзгерістер арқылы танымдық дүниесін кеңейтіп, «Табиғат пен адам өмірі бірлікте» ұғымдары арқылы ойын саралауға баулимыз. Ата-бабамыздың ауа райын қалай анықтағанын айта келе, халық тарихының зерттелуін, мәдениетін аша отырып, ұлттық рухты, мәдени мұралар тарихын қадірлеуге үйренеді.

«Әлеуметтік география» бөлімі бойынша, бүгінде республикада Қазақстан этностарының мәдениеттері, тілдері, дәстүрлерінің дамуы бойынша мағлұмат ала отырып, жомарттық, қайырымдылыққа, ұлтаралық татулықты құрметтеу құндылықтарын білім алушы бойына сіңіреді. «Отанды сату ұлтты сатумен бірдей!» Әлихан Бөкейханның сөздерін еске түсіріп отырамыз.

«Экономикалық география» бөлімі бойынша табиғат ресурстар тақырыптарында сарқылатын және сарқылмайтын табиғи ресурстар білім алушылардың бойында тыңдау мәдениетін, тыңдалған мәтіндегі ақпаратты қазіргі таңдағы өмірлік мәселелермен байланыстыра білу дағдысын қалыптастырады, білім алушыларды өміршеңдікке баулиды. Рухани адамгершілік, отбасылық, ел-жер, табиғат, Қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік құндылықтары, мәдениет құндылықтары, саламаттық және зияткерлік құндылықтар қалыптастыру көзделген және мақсатты түрде жүзеге асырылады. Әлихан Бөкейханның сөздерін негізге аламыз: «Жердің үстіндегі барлық игілік қазақ ұлтына қызмет етуі керек! Оның әрбір түйір тасы әр қазақтың өңіріне түйме болып қадалуы керек!»

Өмір бойы білім алу құндылықтардың бірі. Сабақ барысында Ұлы Жібек жолының маңызын, халықаралық қатынаста алатын рөліне тоқталып, карта арқылы Ұлы Жібек жолы қандай қалаларды басып өткенін айтып өттім. Қыл арқан әкеліп, білім алушыларды топқа бөліп, топ атауына Ұлы Жібек жолының бойындағы қалалар атауын беріліп, қыл арқаның бір ұшын бір топқа, екінші ұшын бір топқа, ортасын бір топқа ұстаттым. Бұл жерде қыл арқан Ұлы Жібек

Жолының рөлін атқарады. Сабақ барысында білім алушы Ұлы Жібек жолы тақырыбы бойынша меңгерген білімдерін жинақтайды. Бірінші топ мүшелері қыл арқан арқылы керуен жолмен жүріп отырып келесі топқа барып, оларға Ұлы Жібек жолының маңызын айтса, келесі топ олармен қосылып келесі топқа барып, Ұлы Жібек жолында тасымалданған заттарға тоқталады. Екі топ қосылып керуен болып келесі топқа барады.

Осы сабақта Ұлы Жібек жолының халықаралық қатынастардың дамуындағы орнын анықтау арқылы халқымыздың тарихы мен мәдениеті, салт-дәстүріне деген құрмет сезімін оятуға болады және ұлттық құндылықтарды дарыта отырып, түрлі мәдениетті түсініп, құрметтеуге үйренеді. Ұлы Жібек жолы - адамзат өркениеті жасағын тарихи ескерткіштердің бірі. Ұлы Жібек жолы халықаралық мәдени, экономикалық байланыстың дамуына өзіндік үлес қосып, Қазақстан Еуропа мен Азияның-Батыс пен Шығыстың арасын жалғастырған көпір болғандықтан білім алушылар бойында жерін құрметтеуге, елдің халықаралық бағытта маңыздылығын анықтап, елін сүйуге үйретеміз. Ұлы Жібек жолы қала мәдениетінің дамуына, 19 көшпелілер мен отырықшылар арасында өзара экономикалық байланыстың орнығуына, ортағасырлық сәулет өнерінің дамуына септігін тигізгендіктен ұлттық мұраны дәріптеуге бағыттаймыз

Бірінші жылда жүргізілген жұмыс нәтижесін(1-сурет) постер түрінде жинақтады. Дамыту жолдарын қарастырып, жұмыс нәтижесіне кері байланыс жасалды. Тірек – сызба арқылы білім беру, білім алушылардың мәтінді жүйелей алу, тірек сөздерді анықтау, сын тұрғысынан(неге? деген сұраққа жауап таба білді) ойлауға көмек берілетіні анықталды. Бірінші жылғы жұмысты жалғастыру мақсатында

екінші жылы статистикалық кескін карта (2-1-сурет. «Идеядан тәжірибеге» сурет)

арқылы жүргізілген сабақтар топтамасындағы ерекшеліктерді зерттей, білім алушы бойына білім мен дағдыны дамыта отырып, құндылыққа

негізделген білім, соның ішінде ұлттық құндылыққа негізделген білімді беру жолдары ерекше қарастырылды.





Кемшіліктері: уақыттың аздығы, тақырыпқа байланысты кескін карталар түрлерінің аз дайындалуы, білім алушының қиын тапсырмаларды шешу кезінде терең ойлау емес, жеңіл тәсілдерді қарастыруы байқалды. Құрастырылған кескін карта топқа емес, жеке таратылу керектігі анықталды.

2-сурет. «Статистикалық кескін карта»

Ұсыныстар: География пәніндегі құндылыққа негізделген білім аясындағы іс-әрекеттегі зерттеу үрдісі бойынша В.Ф. Шаталов әдісі, сызба белгілерін (сигналдарын) сабақта қолдануды және статистикалық кескін карта құрастыра отырып, сабақ үрдісін қызықты, тиімді өткізуді ұсынамын. Сабақ үрдісінде білім алушы бойында құндылықтарды дарыта отырып, ХХІ ғасырдың жиырма бір дағдысының креативтілік, медиасауаттылық, коллаборативтілік, ақпараттық сауаттылық, сын тұрғысынан ойлау дағдысын тиімді шыңдай аламыз. Білім алушылар QR арқылы оқу, соны құрастыру, түрлендіру бағытында қызығушылықтары арта отырып, кітап оқуға деген ынтасы артады. Сабақ барысында мәтінді оқи отырып, сызба ретінде немесе кескін картаға нысанды

жазу арқылы, мәліметтерді тұжырымдап, жинақтаса, жинақталған сандар мен нысан атауларынан сөйлемдер шығарып, мәтін құрастыра алады.

Сабақтың тақырыбына сай кіші жобаны жазбай, кескін картаға сипаттай отырып(шартты белгімен, QR -мен түсіру арқылы 3-сурет) қорғаса, білім алушыда қызығушылық ерекше болады. Әсіресе, қабілеті төмен білім алушыларға тапсырманы бере отырып, мұғаліммен бірге бастап, аяқтау жұмысы.

3-сурет. Білім алушының жобасы білім алушыға берілгенде, білім алушы ерекше қызығушылықпен құрастырып, ұсынады. Ұсынылған жұмыстың кері



байланыс кезінде жақсы жақтары көбірек айтылса, сенімділік, табандылық пайда болады. Білім алушыға сеніңіз, сене отырып, жұмысын тексеріп, өз-өзіне кері байланыс беруге баулыңыз. Кері байланыс кезінде өзінің кемшілігін тауып, мойындата отырып, түзету жүргізуді үйретсек, өмір жолына нық қадам басуына көмек береміз. Іс-әрекеттегі зерттеу жұмысымен айналысу мұғалімнің де үнемі ізденуі мен дамуына әкеледі. Білім алушылармен бірге жұмыс жасау өзара сенімділік, ашықтық, креативті ойлауға машықтандырады. Сол себептен, креативтілік дағдыны дамытуды ұсынамын.

Қорыта келгенде география пәні бойынша құндылыққа негізделген білім беру аясында іс-әрекеттегі зерттеу жұмысын жүргізудің маңыздылығы зор. Зерттеу жұмысы кезінде білім алушының нақты, терең білім алуына жағдай жасай отырып, құндылықтарды өн бойына жинақтап, машықтандыра аламыз. Білім алушының үздіксіз білімін дамыта отырып, мұғалімнің де өмір бойы білім алуына мүмкіндік береді. Педагогикалық идея негізінде жасалған статистикалық карталар, білім алушының жүрегінен орын тапқанына қуана қарай, зерттеу жұмысымды жалғастырамын. Іс-әрекеттегі зерттеу(Action research)-бұл үрдіс, әрдайым жаңаша көзқараспен қарауға түрткі болатын мұғалімнің ерекше тәсіл.

Луций Сенека айтқандай «Басқаларды үйрете отырып, біз өзіміз де үйренеміз». «Мені тыңда, түсін, менімен сөйлес, мені бағала» деген Индиго балаларының ұранын негізге ала отырып, сабақ үрдісінде іс-әрекеттегі зерттеу (Action research) негізінде анықталған проблеманың шешу жолдары табылған жағдайда, зерттеу үрдісінің даму сатысы дұрыс екеніне көзіңіз жетеді.

В.Сухомлинскийдің «Егер балаға қуаныш пен бақыт бере білсек, ол бала солай бола алады» деген сөзін ұстаным ете, шәкіртке жан – жақты терең білім беріп, оның жүрегіне адамгершіліктің асыл қасиеттерін үздіксіз ұялата білсек, ертеңгі азамат жеке тұлғаның өзіндік көзқарасының қалыптасуына, айналасымен санасуына ықпал етері сөзсіз. Құндылыққа негізделген білім беру арқылы жеке тұлғаны өмірге бейімдеп, өз орнын таба білуге жетелейміз. Кез-келген ортада білімін, бәсекеге қабілеттігін көрсете алғанда зерттеу жұмысының нәтижелі екеніне сенімді боламыз.

«Өз күшіне сенбеген халық та, адам да ешқашан өмір бәйгесін ала алмайды» деген Әлихан Бөкейхан, сеніммен, үздіксіз біліммен заманауи өмір кедергілеріне ұрпағымызды бейімдей аламыз.

Қолданылған деректер тізімі:

1. «2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы» Әдістемелік нұсқау хат.

2. Ценности и идеалы независимого Казахстана. Коллективная монография / Под общ. ред. Шаукеновой З.К. – Алматы: Институт философии, политологии и религиоведения КН МОН РК, 2015. – 322 с.

3. Тоқаев, Қ. Тәуелсіздік бәрінен қымбат [Элек-тронды ресурс] // Егемен Қазақстан газеті. URL: <https://egemen.kz/article/260146-tauelsizdik-barinen>

4. «Қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы пәндерді оқытуда базалық құндылықтарды қалыптастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар» Астана, 2023 Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы

Электрондық ресурстар:

5. Qundylyq qundylyq.kz <https://informburo.kz/kaz/kogam/qundylyqtarga-negizdelgen-bilim-beru->

Жобалық қызметтің танымдық дағдыларды дамытуға әсері

Оқытудың белсенді тәсілінің негізінде балаларда танымдық мотив пен нақты оқу мақсаты бар.

Білім алушылар жұмысының негізгі элементі міндеттерді шешу, яғни шығармашылық, оқу - зерттеу, іздеу-конструкторлық қызметтің жаңа түрлерін игеру болады. Білімді пассивті тұтынушыдан білім алушы білім беру іс-әрекетінің белсенді субъектісіне айналады. Оқытудың осы тәсіліндегі қызмет категориясы бүкіл оқу процесінің негізі болып табылады [29].

Жүйелік-белсенділік тәсілінің мәні білім алушының жеке басын қалыптастыруда және оның дамуында білімді дайын түрде қабылдаған кезде емес, "жаңа білімді ашуға"бағытталған өзінің іс-әрекеті барысында көрінеді.

Оқыту нәтижесі-оқу іс-әрекеті негізінде баланың жеке басын дамыту.

Педагогикалық міндет-балалардың іс-әрекетін бастайтын жағдайлар жасау және ұйымдастыру. 20 ғасырдың аяғында отандық ғалымдар тобы: "белсенділік тәсілі білімді игеруге ғана емес, сонымен бірге оны игеру тәсілдеріне, ойлау мен іс-әрекеттің үлгілері мен әдістеріне, баланың танымдық күші мен шығармашылық әлеуетін дамытуға бағытталған. Бұл тәсіл дайын ақпаратты догматикалық жеткізудің ауызша әдістері мен формаларына, ауызша оқытудың монологтылығы мен иесіздігіне, білім алушылардың ілімдерінің пассивтілігіне, сайып келгенде, іс-әрекетте жүзеге асырылмайтын білімнің, дағдылардың және дағдылардың пайдасыздығына қарсы тұрады [12].

Процестің ұйымдастырушысы болып табылатын және білім алушылардың көркемөнерпаздығын дамыту міндетін қоятын мұғалімге үлкен рөл беріледі, ал бәрі маңызды: авторитарлық қарым-қатынас стилінен бас тарту демократиялық және мұғалімнің жеке қасиеттері, оның кәсіби құзыреттілігі және өзін-өзі дамыту қабілеті.

Қоғамда болып жатқан өзгерістер білім беру процесін жеделдетіп жетілдіруді, мемлекеттік, әлеуметтік және жеке қажеттіліктер мен мүдделерді ескеретін білім беру мақсаттарын анықтауды талап етеді. Осыған байланысты жаңа білім беру стандарттарының даму әлеуетін қамтамасыз ету басым бағытқа айналуға. Жаңа буын стандарттарын әзірлеудің негізінде жатқан жүйелі-белсенді тәсіл оқыту мен тәрбиенің негізгі нәтижелерін бөліп көрсетуге және білім алушыға көмектесетін әмбебап оқу іс – әрекеттерін жобалаудың навигациясын жасауға мүмкіндік береді, сөзбе-сөз дерлік құшақ жаяды, формула бойынша құрылады: әрекеттен-ойға. Білім алушылардың әмбебап оқу іс-әрекеттерін қалыптастыру білім беру және тәрбие процесінің инновациялық негізі болып табылады. Білім алушылардың әмбебап оқу іс-әрекеттерін меңгеруі жаңа білімді, іскерлікті және құзыреттілікті, оның ішінде меңгеруді ұйымдастыруды, яғни оқу қабілетін өз бетінше табысты игеруге мүмкіндік туғызады.

Кең мағынада "әмбебап оқу әрекеттері" термині оқу қабілетін, яғни жаңа әлеуметтік тәжірибені саналы және белсенді игеру арқылы білім алушының өзін-өзі дамыту және өзін-өзі жетілдіру қабілетін білдіреді.

Білім алушының жаңа білімді өз бетінше игеру, осы процесті өз бетінше ұйымдастыруды қоса алғанда, Дағдылар мен құзыреттіліктерді қалыптастыру қабілеті, яғни оқу қабілеті жалпыланған іс-әрекеттер ретінде әмбебап оқу іс-әрекеттері білім алушыларға әртүрлі пәндік салаларда да, оқу іс-әрекетінің құрылымында да оның мақсатты бағытын түсінуді қамтитын кең бағдарлау мүмкіндігін ашатындығымен қамтамасыз етіледі.- семантикалық және операциялық сипаттамалар. Осылайша, оқу қабілетіне қол жеткізу білім алушылардың оқу іс-әрекетінің барлық компоненттерін толық игеруін қамтиды, олар: танымдық және оқу мотивтері, оқу мақсаты, оқу міндеті, оқу әрекеттері мен операциялары (бағдарлау, материалды түрлендіру, бақылау және бағалау). Оқу қабілеті - білім алушылардың пәндік білімді игеру тиімділігін арттыратын маңызды фактор, Дағдылар мен құзыреттерді қалыптастыру, әлем бейнесі және жеке моральдық таңдаудың құндылық-семантикалық негіздері. Реттеуші UUD

білім алушыларға өздерінің оқу іс-әрекеттерін ұйымдастыруды қамтамасыз етеді.

Оларға мыналар жатады:

- мақсат қою-білім алушыларға бұрыннан белгілі және үйренген және әлі белгісіз нәрселердің арақатынасы негізінде оқу міндетін қою ретінде;
- жоспарлау-түпкілікті нәтижені ескере отырып, аралық мақсаттардың реттілігін анықтау; іс-қимылдар жоспары мен реттілігін құру;
- болжау - нәтиже мен ассимиляция деңгейін болжау; оның уақытша сипаттамалары;
- одан ауытқуларды анықтау мақсатында әрекет ету тәсілі мен оның нәтижесін берілген эталонмен салыстыру түріндегі бақылау;
- түзету-іс-қимылдың күтілетін нәтижесі мен оның нақты өнімі сәйкес келмеген жағдайда іс-қимыл жоспары мен тәсіліне қажетті толықтырулар мен түзетулер енгізу;
- бағалау – білім алушыларға бұрыннан үйренген және игеруге жататын нәрсені бөліп көрсету және түсіну, игеру сапасы мен деңгейін бағалау;
